

63.3(5Қаз-4Жам)622
Д 64

Т.Ш. ДОСТАНБАЕВ

ЖАМБЫЛДЫҚ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗДАР
(ЖАМБЫЛДЫҚ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ
БАТЫРЛАРЫ)
әдістемелік құрал

ТАРАЗ 2007

63.3(5Қаз-4Жам)622
Д 64

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

Т.Ш. ДОСТАНБАЕВ

ЖАМБЫЛДЫҚ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗДАР (ЖАМБЫЛДЫҚ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЛАРЫ) әдістемелік құрал

«ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ»

**баспасы
ТАРАЗ 2007**

63.3(5Қаз-4Жам)622.78
Д 64

УДК 82
ББК91.9;83
Д:70

Пікір берушілер:

Киселев Ю.П. - тарих ғылымдарының докторы, профессор Замятина Г.Ф. - тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Қожамжарова Д.П. - тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Достанбаев Т.Ш. - тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, ТарМУ құрметті профессоры

Жамбылдық жарық жұлдыздар. Әдістемелік құрал. - Тараз: Тараз университеті, 2007. - 76 бет.

Әдістемелік құралында Жамбылда дүниеге келіп, өмір сүрген немесе осы жерден әскер қатарына шақырылған Кеңес Одағының Батырлары жайлы сыр шертіледі. Осы жаужүрек адамдардың әрқайсысының тағдыры әр түрлі. Олардың әрқайсысының Отан алдындағы борышын өтеуде өз жолы болды. Біреулері соғыс жолымен оның соңына дейін жаумен шайқаса жүріп ерлік жолын толықтырса, біреулері жарқ еткен ерлік жасап, Отан үшін өзінің ең қымбаты-өмірін қиды. Бірақ олардың барлығын біріктіріп отырған бір-ақ нәрсе-өлмес ерлік.

Әдістемелік құралы білімгерлерге, ЖОО оқытушыларына, колледж оқытушыларына, Ұлы Отан соғысы (1941-1945ж.ж.) мен Қазақстан тарихына қызығушыларға арналған.

Басуға МХ.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің Ғылыми-әдістемелік Кеңесі (16.03.2006 ж. № 3 хаттама) шешімімен ұсынылған.

Достанбаев Т.Ш., 2007
М.Х.Дулати атындағы ТарМУ

Алғы сөз

2005-жылдың 16-сәуірінде бұрынғы КСРО-дағы ең жоғарғы атақ-Кеңес Одағының Батыры атағының белгіленгеніне (1934) 71 жыл толды. Кеңес Одағының батыры атағын алғаш алғандарда айырым белгі болған жоқ. 1939-жылдың 1-тамызында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президумының «Алтын жұлдыз» медалін белгілеу туралы Қаулысы басылды. Суреттемеде медаль таза алтыннан жасалатындығы және салмағы 21,5 грамм екендігі айтылды. 1941-жылдың басында 600-ге жуық адам Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Сол кезеңнен бері көп жылдар өтті, халықтың басынан небір жағдайлар өтті. Халықтың керемет рухани қасиеттері Ұлы Отан соғысында ерекше күшпен ашылды. Соғыс жылдарында 11800-ден аса әскери және теңіз флоты жауынгері, партизандар, астыртын ұйым мүшелері, соның ішінде 8 мыңнан аса құрлық жауынгерлері, 2000-дай ұшқыштар, 500-ден аса теңізшілер «Алтын жұлдызбен» марапатталды. Әрбір есімнің артында Отан үшін жасаған ерлік тұрды, олардың әрқайсысының есімі халық ерлігінің шежіресіне мәңгілікке енді. Сол кезеңдегі адамдар жаппай ерлік көрсетті. Днепрден өту үстінде 2000-нан аса солдаттар, сержанттар, офицерлер мен генералдар ең жоғарғы атаққа ие болды. Бұл оқиға тек Батырлардың ерлігі болып қана қалған жоқ, олар басқа жауынгерлерге үлгі болды. Александр Матросов секілді 200-ден аса жауынгер жаудың дзотының амбразурасын кеудесімен жапса, 70-тен аса экипаж Гастеллоның ерлігін қайталады...

Кеңес Одағының Батыры атағын алған ұлы отряд, Кеңес Одағы ыдырағанда 12,5 мың адамды құрады. Ұлы Отан соғысының шежіресіне Қазақстандықтардың да қосқан үлесі аз емес. Қазақстаннан шыққан 520 жауынгер мен офицерлер Кеңес Одағының батыры атағын алды (оның ішінде 100-ден аса қазақ бар). Олар: Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова, Нұркен Әбдіров пен Михаил Янко, Сұлтан Баймағамбетов пен Алексей Стриженченко және тағы көптегендер. Оның ішінде Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов пен Леонид Беда Кеңес Одағының Батыры атағына екі рет ие болды.

Ұлы Отан Соғысының майдандарында көрсеткен ерлігі мен батылдығы үшін 30-дан аса Жамбылдық жауынгерлерге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Бұл оқу құралында мен солардың ерлігі жайлы баяндағым келеді. Бұл адамдар қарапайым жұмысшылар, колхозшылар, зиялылар мен оқып жүрген күнделікті тіршілікпен айналысып, заводтар мен фабрикаларда, мекемелер мен зертханаларда, колхоздар мен совхоздардың егіс алқаптарында жұмыс істеп, мектеп пен жоғарғы оқу орындарында оқыды. Олардың жас шамасы да әр түрлі еді. Олардың барлығы да өз Отанын шексіз сүйді, көбі ол үшін жанын қиды. Осы данқты жандарға халық өз ризашылығын білдіріп, Отан үшін жасаған ерліктерін мақтаныш тұтып, оларды құрметтеп, олар туралы өлеңдер мен батырлық жырлар шығарып, олардың есімдерін мәрмәр тастар мен бояулар арқылы мәңгілікке жазды. Бұл кітап Данконың жалынды жүрегі бар осындай адамдарға арналған.

Мәтін таңдауда Батырлардың ерлігі мен ерлік істерді жасаудағы қайнар көздері жайлы очерктер құрастыруда айқын мәлімет беру мақсаты көзделді.

Бұл мәселенің қаншалықты шешілгенін таразылау-оқырманның ісі. Осы жерде бұл істегі қиыншылықтарды айтқым келіп отыр. Құрастырушының қолында жинақталған дайын мұрағат мәтіндері болған жоқ. Құжаттар мен мәтіндерді әр жерден, әр түрлі дерек көздерінен - әскери газеттер, жеке хаттар, естеліктер мен әңгімелер т.б. жинауға тура келді. Кітапты жазу үстінде осындай жағдайда кейбір құжаттардың жетіспеушілігі мен тарихи мәтіндердің ғылыми басылымы ережесінен ауытқуға да тура келді. Барлық уақытта құжаттың күні, оның дерек көзі жайлы мәліметтерді нақтылауға мүмкіндік бола бермеді. Оқу құралында жарияланған Кеңес Одағының Батыры атағын беру үшін әскери командование құрастырған марапаттау қағаз-құжаттары ерекше құнды болды. Олар көп сөзді емес, оларда салтанатты фразалар жоқ. Олар қысқа, әскери тілмен жазылған. Бірақ олар тартымды, қызығушылықпен оқылады. Бұл - нағыз әскери ерлік пен атақ-даңқ шежіресі.

Кітапты жазудың дерек көздері ретінде ғылыми кітаптар мен баспасөз басылымдары, оқиғаға қатысушылардың естеліктері пайдаланылды. Айта кететін жайт, ұзақ уақыт және мұқият іздестіруге қарамай кейбір Жамбылдық Кеңес Одағының Батырлары жайлы очерк жазуға қажетті мәлімет жинауға мүмкіндік болмады. Бұл Батырлардың есімі кітаптың соңында берілгеы тізімге енгізілді. Автор баспаға даярлау үстінде қолжазбада ескертпелері мен ұсыныстары ескерілген өзінің тарихшы-әріптестері мен соғыс ардагерлеріне өз ризашылығын білдіреді.

Дубосеково разьезді жанындағы ерлік

Мен өз әңгімемді Панфилоыны - батырлардан бастаймын. Бұл олардың коллективтік ерлік көрсеткен жағдайының тарихи құндылығына байланысты. Бұл ерлік 1941-жылдың күзінде, жау Мәскеуге қауіп төндіріп тұрғанда жасалды. Жанқиярлық соғыс басталды. Мәскеудің солтүстік-батыс маңын қорғап тұрған генерал К.К.Рокоссовскийдің 16-әскери құрамына енетін 316-атқыштар дивизиясының әскери ерлік жұлдызы 16-қараша күні жанды. Осы дивизияның полковник И.В.Карпов басқаратын 1075-полкы 251,0 биіктікте-Петелино деревнясы - Дубосеково разьезінде қорғанысты ұстап тұрды. Волоколам тас жолы арқылы Мәскеуге өту үшін жау осы жерге 80-нен аса танк, жаяу әскердің екіге жуық полкы, 6 миномет батареясы және 4 артиллериялық батарея автоматшылар мен мотоциклистер бөлімшесін шоғырландырды. 28 Батыр жаудың 50 танкінің шабуылын өздеріне алды. Бомба жарылыстарының түтіні айықпай тұрып, совет жауынгерлерінің окобына фашист автоматшыларының тізбегі жақындады. Бірлескен қарулы-пулеметті соғыспен шабуылға тойтарыс берілді. Сол кезде қарсылас жақ соғысқа 20 танк пен автоматшылардың жаңа тобын жіберді. Осы кезеңде танкілерден атқыланып жатқан окопқа ротаның саяси жетекшісі В.Г. Клочков жетті.

"Қорқынышты ештеңе жоқ, әр адамға бір танктен сәл кем келеді екен",-деді ол жауынгерлерге. Гранаталармен, жанатын май құйылған бөтелкелер және танкіге қарсы қарудың күшімен ержүрек панфилоынылар 14 танкіні жойды. Қалған танкілер кері қайтты. Жауынгерлер жарақаттарын таңып болмай жатып, жаудың 30 танкі окоптарға қарай бет алды. Күш жау жағында екені анық еді. Саяси жетекші Клочков өз жауынгерлеріне кейіннен Мәскеудің барлық қорғаушыларының ұранына айналған "Шегінерге жер жоқ, артымызда - Мәскеу" деген сөздерімен үндеу тастады. Қиян-кескі соғыста совет жауынгерлері бірінен кейін бірі қатардан шығып жатты. Қатты жараланған саяси жетекші гранатаның бумасымен жау танкінің астына ұмтылып, оны жарып жібереді. Аңызға айналған бұл соғыс төрт сағатқа созылады. Жау 18 танк және ондаған жауынгерлерінен айрылғанымен, шепті бұза алмады. Саяси жетекші В.Т. Клочков бастаған взвод жауынгерлері қиян-кескі соғыста өлмес ерлік көрсетті. Ол батылдық, қажырлылық және ерлік символы болып табылады. Әскери борыш, әскери сертке берік панфилоынылар темір табандылық, рухани айбындылық және өлмес ерлік көрсетті. 17-

қараша күні 316-атқыштар дивизиясы 8-гвардиялық дивизия болып қайта жасақталып, Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталды. Генерал И.В. Панфилов қаза болғаннан кейін дивизияға оның аты берілді. Үкімет және совет халқы панфилоынылардың Отанға деген шексіз жан қиярлығын жоғары бағалады. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Қаулысымен 1942 -жылғы 21-шілдесі күні халықтың адал ұлдарына Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 28 панфилоынылардың екеуі біздің жерлестеріміз, Жамбылдықтар: Белашов Николай Никанорович, Москаленко Иван Васильевич.



**Белашов
Николай
Никанорович**

Николай Никанорович Белашов (бастапқыда оның тегі Болотов деп бұрмаланып жүрді) 1911-жылы Жамбыл облысының Қордай ауданында дүниеге келген. Соғысқа дейін Киров атындағы колхозда темір ұстасы болып еңбек еткен, ауылшаруашылық артелінің комсомол ұйымының хатшысы болған. 1941-жылдың шілдесінде Белашов әскерге шақырылып, 316-атқыштар дивизиясының 1075-атқыштар полкының 4-ротасына жауынгер қатарына алынады. Өз жолдастарымен бірге 1941-жылы 16-қараша күні Дубосеково разъезді түбіндегі ұрыста ерекшеленеді. Теңдессіз ұрыста Н.Н. Белашов ерлікпен қаза табады. Қазақстан халқы өз Батырын есте сақтап, құрмет тұтады. Жамбыл облысы, Қордай селосының орталығына Николай Никанорович Белашовтың бюсті қойылған. Ескерткішке тірі гүлдер бас иіп тұр, қамқоршыл қолдар оны сүйіспеншілікпен күтіп-баптайды.



**Москаленко
Иван
Васильевич**

Екінші Батыр Иван Васильевич Москаленко 1912-жылы Жамбыл облысының Қордай ауданы Георгиевка селосында дүниеге келген. Байланыс мекемесінде есепші болып жұмыс істеген. 1941 жылдың шілде айында әскерге шақырылып, 316 атқыштар дивизиясының 1075 атқыштар полкының 4 ротасына жауынгер қатарына алынады. Саяси жетекші В.Клочковпен бірге 1941 жылы 16 қараша күні өшпес ерлік көрсетті. Соғыста батырларша қаза тапты. Дубосеково разъездінің темір жол платформасынан екі жүз метр жерде, шөп өсіп кеткен окоптардың жанында граниттен


жасалған ескерткіш тұр. Оған жас жөке аллеясы алып барады. Ескерткішті де, аллеяны да Панфилоыны-батырлардың аңызға айналған ерлік істері жасалған жерге Мәскеу пионерлері орнатқан. Осы жерден бір километр қашықтықта Нелидово деревнясында Батырлардың бауырлас қабірі, село клубының ішінде - мемориалдық музей орналасқан. Дубосеково разъезді Батырларына туған жері Қазақстан мен Қырғызстанда да ескерткіштер орнатылған және орнатылып жатыр. Олардың есімі аудандарға, елді мекендерге, көшелер мен парктерге берілген. Олардың бейнесі қола мен граниттерде мәңгі сақталған. Жаңа ескерткіш жерлес - гвардеецтер монументі Алматыда, Даңқ Аллеясында Панфилоынылар паркінде орнатылған. Айта кету керек, Панфилоынылар дивизиясы біздің Республикадан соғысқа жіберілген ең алғашқы әскери жасақ құрамынан шыққан оның әскери дәстүрі, Кеңес Одағының Батырларының данқты істерінде Қазақстаннан кейіннен құрылып, майданға жіберген әскери жасақтар тәрбиеленді. Қазақстан жауынгерлері қай жерде соғыспасын, осы дәстүрді жалғастырды.



**Бегенов
Мәди
Қайбыұлы**

1916 жылы Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ұланбел поселкесінде дүниеге келген. Мәди орта мектепті толық бітірмегенмен, комсомол қатарына өткен. Ол жұмыс істеуді ерте бастайды. 1942-жылдың желтоқсанында Қызыл әскерге шақырылады. Днепрден өту үстінде көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін КСРО Жоғарғы Кеңесінің Қаулысымен 1944 жылы 19 наурыз күні Бегенов Мәди Қайбыұлына Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі. Мәди Қайбыұлы әскерге шақырылғаннан кейін 203 Запорож атқыштар дивизиясының 619 атқыштар полкының атқыштар ротасының бөлімше командирі болып тағайындалады. Күздің ауыр бұлттары Днепр жағалауларына төніп тұр. Шығыстан соққан салқын жел, Днепрден ары қарай қуғысы келген сияқты оларды жерге жаншуда. Совет әскерлері көп ұлтты Украин жерін фашист басқыншыларынан азат етіп, Батысқа қарай тоқтаусыз жүріп бара жатты. Днепрдің сол жағалауында біздің Отанымыздың Қызыл Туы желбіреп тұрды. Ең алғашқылардың бірі болып ақ шашты Днепрге 619-атқыштар полкының атқыштар ротасы да таяп қалды.

Осы ротаның құрамында сержант М.К. Бегеновтің де бөлімшесі болды. Бөлімше жасырын түрде 1943 жылдың 25 қазаны күні Днепрден соғысып өтіп, гитлершілдерге соққы беріп, оң жағалауға шығуы тиіс болатын. Жерге қою қараңғылық түсті. Қолда бар заттардан жауынгерлер сал жасап, бұйрық берілісімен, Бегенов өз бөлімшесімен жағалаудан жүзіп кетті. Батырдың марапаттау қағазында Днепрден соғыспен өту кезінде, 1943 жылдың 25 қазанында Новый Кичкас (Запорожье) ауданында гитлершілдердің бірнеше шабуылы кезінде жаудың станоктық пулеметінің орналасқан жерін анықтады деп жазылған. Осылайша Мәди мәліметті командирге бере отырып, артиллерияның оқ ату нысанасын белгілеп береді. Осының нәтижесінде атыс орны жойылады. Бөлімшенің келесі шабуылында Бегенов фашист окоптарына бірінші болып ұмтылады. Жекпе-жек шайқаста Мәди жаудың 7 жауынгері мен унтер офицерін өлтіреді. Осы әрекетімен ол өз взводының алға жылжуына жағдай жасайды. Келесі шабуылда Бегенов өз взводын ерте отырып, жаудың екінші окобын шабуылдап, жауды қашуға мәжбүр етеді. Бегеновтің жауынгерлері траншеяларды басып алып, барлық ротаның алға жылжуын қамтамасыз етті. Жауынгерлік тапсырма ойдағыдай орындалды. 1944 жылдың тамыз айында М.К. Бегенов із-түзсіз жоғалып кетті.



**Вишневецкий
Владимир
Михайлович**

1900 жылы дүниеге келген. Ұлты-украин. Азамат соғысында майданға қатысқан, Қазақстандағы колхоздастыру науқанына белсене ат салысқан. Жамбыл облысы, Жуалы ауданының Қазан ауылдық Кеңесінде председатель қызметін атқарған. Ұлы Отан соғысы күндерінде Вишневецкий 16-Чернигов атты әскери дивизиясының 60-гвардиялық атты полкының қатарында фашист басқыншыларын талқандады. Днепр үшін болған шайқастағы ерлігі мен батырлығы үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президумының Қаулысымен 1944 жылдың 9-ақпанында аға сержант В.М. Вишневецкийге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 1941 жылдың 17 қыркүйегінде Жуалы аудандық әскери комиссариатының шақыруымен Қызыл әскер қатарына шақырылады. Ол мыңдаған шақырым жолға сабырмен және іскерлікпен жиналды, бес баласының сарғыш бастарынан сипап, әйелін құшты. Азамат соғысы жылдары бірінші жауынгерлік қадамнан өткен тисқаққан жауынгер өмірдің бағасын білетін еді, бірақ ешқашан басын жоғалтқан емес. 1942 жылдың 20 қарашасында Сталинградтан оңтүстікте орналасқан Абганерово станциясының жанында аға сержант Вишневецкий өз бөлімшесімен қарсыластардың тылына өтіп, оның жолын бөгеп, кейін шегініп бара жатқан гитлершілдерге өз зеңбірегінен оқ шашты. Бөлімшенің салқын қандылық дәл әрекеті мен қимылы үшін осы бірінші шайқаста Вишневецкий «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Көп ұзамай барлық команда гвардиялық болды. Вишневецкий Кеңес Одағының Батыры атағын Днепр үшін шайқаста алды. 60-гвардиялық атты әскер Днепрден шайқаспен өтуге бұйрық алады. Осы бұйрықты орындауға аттанған, алғашқы гвардеецтердің қатарында өз бөлімшесімен Вишневецкий де болды. 1943 жылы 28 қыркүйекте артиллерия мен пулеметтен жауып тұрған оққа қарамай ол өз зеңбірегін өзеннің арғы жағалауына өткізіп алды. Сол жерде, оң жағалауда Владимир Михайлович жаумен бетпе-бет шайқасты. Өздері басып алмақшы болған елдің әрбір ұлтарактай жеріне жау жағы жармасып жатты. Гвардеецтерді Днепрдің терең суына батырғысы келгендей, жау танкілері қор сынышпен шықырлап жылжып келе жатты. Бірақ гвардия аға сержант Вишневецкийдің бөлімшесі сабырлылық және дәлдікпен әрекет жасады. Ол тек оң жағалауға тұрақтап қана қалған жоқ, алға жылжыды. Келесі күні таңертең 1943 жылдың 29 қыркүйегінде Галки хуторы үшін болған соғыста Вишневецкий өз зеңбірегін ашық алаңға шығарып, дәл көздеп қарсыласының үш пулемет ату орнын және 20 солдаты пен офицерін жойды. Барлық шайқастарда Вишневецкий ержүректік және шешімділікпен әрекет жасады. Днепрдегі соғыста оның зеңбірегі 9 танк, 8 бронемашина, 25 автомашина және ондаған фашисті жойды. Денсаулығына байланысты (үш жарақаттан кейін) 1944 жылы В.М. Вишневецкий әскерден қайтарылды. Зейнеткерлікке шығып, Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданының Свердлов атындағы совхозына көшіп кетті.



Дәулетбеков Амантай

1974 жылы мен жол-жөнекей Белгород қаласында болдым. Белгород жері тарихқа қиян-кескі соғыстардың өтуімен енген болатын. Қалада көркемөнердің түпкі ойына негіз болған 1943 жылғы 12 шілде күні Прохоровка түбінде болған танкілер соғысы жайлы тарихи оқиға алынған «Күрек соғысы» (Белгород бағыты) атты музей- диарама соғылған. Майлы бояумен салынған суретке қарап тұрып мен осы жерде 1943-жылы қайтыс болған өз жерлесім - Амантай Дәулетбековті есіме алдым. Музей - диараманың екінші қабатында, жауынгерлік даңқ залында фотосуреттер, хаттар, экспонаттар жиналған. Совет жауынгерлерінің батырлығы мен ерлігін көрсететін суреттердің ішінен мен Кеңес Одағының Батыры Амантай Дәулетбековтің фотосуретін көрдім. Амантай Дәулетбеков деген кім ? Халық үшін ол қандай ерлік жасады ?

.... Әкесі Амантайдың есінде жоқ. Ол бала бірге толмай жатып қайтыс болады. Шешесі басқа біреуге тұрмысқа шығып, 12 жылдан кейін ол да қайтыс болады. Өгей әке баланы асырағысы келмейді. Бөтен адамдар оны балалар үйіне тапсырады. Бірақ қазіргі Жамбыл облысы, Талас ауданы «Майтөбе» совхозында тұратын туысқандары баланы естен шығармайды. Амантай он жеті жасқа аяқ басқанда әкесінің ағасы Қозыбай Сыздықов оны Жамбыл балалар үйінен тауып алып, өзінің ауылына алып кетеді. Шәке апа да өз жиенін туған баласындай қарсы алады, көп ұзамай Амантан оны шеше деп атап кетеді. Амантай оқуға өте зерек болады. Жеті жылдықтан кейін көрші селода Қарабастауда жұмыс істейтін мал шаруашылық бригадирлері мектебіне баруға шешім қабылдайды.

- Сонымен, сен дұрыс шешім қабылдадың,- деп қолдау көрсетеді Шәке мен Қозыбай. Біздің жанұя - мал бағушылар әулеті.

Бригадирлер мектебін үздік бітірген жас жігіт Майтөбеге оралды. Бұл жерде оны комсомол ұйымының хатшысы етіп сайлап, ферманың бригадирі етіп тағайындайды. Ол жұмысқа бел шешіп кіріседі, барлық уақыты мен білімін арнайды. Жас бригадир малшылардың көңілінен шығып, олар оны адалдығы мен табандылығы үшін жақсы көріп кетеді. Көп ұзамай, ең үздік жас маман ретінде Алматыдағы зоотехниктер курсына жіберіледі. Бұл 1939 жылы еді.

Амантай ол жақтан жаңа әсермен, білімнің жаңа қорымен оралады. Тағы да жұмыс, тағы да сүйікті іс. Ол өз оқуын ауыл жастары мектебінде жалғастырады, институтқа түсуді армандайды.

... 1941 жылдың жазы. Амантай біріншілердің қатарында шақыру пунктіне келеді. Военком шаршаңқы жүзін көтеріп Дәулетбековке қарайды.

- Сіздің мамандығыңыз?
- Зоотехник,- деп жауап береді ол.
- Зоотехник, ия әскери мамандық емес. Сіз соғыста кім болғанды қалар едіңіз?

Амантай бір минутқа ойланып қалды.

- Артиллерист,- деп шешеді ол.

Военком қолдап бас изейді.

- Жақсы. Артиллеристер мектебіне жібереміз. Ертең толық дайындықпен келіңіз.

Қысқа дайындықтан өткен Амантай гитлершілерге қарсы Оңтүстік-Батыс, Сталинград, Дон және Орталық шайқастарға қатысады. Ол соғыстың алғашқы кезеңдеріндегі шегінудің ащы дәмі мен жеңістің қуанышының тәттілігін де сезеді. Күн сайынғы жаумен бетпе-бет шайқаста оның әскери мінезі қалыптасады. Жауынгерлік шеберлігі шыңдалып, тәжірибесі молаяды.

1942 жылдың 30 ақпанында Амантай "Жауынгерлік ерлігі үшін" медалімен марапатталды. Ал 1943 жылдың 25 қаңтарында «Қызыл Жұлдыз» орденін тақты.

1943 жылдың жазында «1943 жылдың 5-шілдесі мен 23 тамызы аралығы» Орталық Ресейде Ұлы Отан соғысының ең ірі шайқастарының бірі-Курск шайқасы болады. Өзінің өшпес ерлігін 1180-танкілерді жойғыш артиллериялық полкының гвардий аға сержанты Амантай Дәулетбеков 1943 жылдың 9 шілдесінде Поньри теміржол ауданында 253,5 биіктігін алу кезінде жасайды. Қиян-кескі ұрыс жүріп жатқан. Ызалы жау өзінің он төртінші шабуылын бастады. Дәулетбековтің зеңбірегін фашист танкілері мен жаяу әскерлері қоршап алды. Амантай фашист қоршауын бұзып шығуға шешім қабылдайды. Аз ғана совет жауынгерлеріне қарсы гитлершілер 18 танк (оның 13-і АТ-VI) мен 14 өзі жүретін зеңбірек көмегіне сүйенген жаяу әскер батальонын жібереді. Қиян-кескі соғыс 2 сағатқа созылады. Жаужүрек артиллеристер 10 танк, 17 өзі жүретін зеңбірек, ротаға жуық жаяу әскерлерін жояды. Қатуланған жау ашу кернеп, Дәулетбековтің бөлімшесін жоқ қылуға шешім қабылдайды. Тіке атқылаудан зеңбірек істен шығады. Тендессіз шайқаста ержүрек командир төрт фашисті өлтіреді, бірақ оқ оның өзін де аямайды. Командованиенің келтірген жазбасындағы деректері бойынша аға сержанттың зеңбірегі жаудың 29 танк, 13 өзі жүретін зеңбірегін істен шығарып, 150 жаяу әскер мен 40 автоматшыларды жойған. Батырдың өлмес жауынгерлік есебі осындай. Шайқастан кейін Дәулетбековтің зеңбірегі бесінші батареяның көздеушісі гвардия аға сержанты Л.В. Рябовқа берілді. Оралдық Рябов қазақтан шыққан Батырдың жауынгерлік есебін толықтырып, соғысты Рейхстах қабырғасында аяқтайды. Зеңбірек "Қазақ халқының даңқты ұлы А. Дәулетбековті ұмытпау үшін" деген мамориалдық жазумен музейлік экспонат ретінде әскери- тарихи музейге мәңгілік сақталуға берілген.

2 танк армиясының танк әскерінің гвардий генерал-лейтенанты Богданов пен армияның Әскери Кеңесі мүшесі танк әскерінің генерал-майоры Латышевтің ұсынысымен көрсеткен ерлігі мен жаужүректілігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Қаулысымен 1943 жылдың 24 желтоқсанында марқұм аға сержант Амантай Дәулетбековке Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі. "Майтөбе" совхозының бір бұрышында қарапайым стенд тұр. Әйнектің астында, рамкада қараторы жас жігіттің суреті, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Грамотасы, мектептегі табельдері, Амантай Дәулетбековтің соғыстағы жеке заттары. Бұл - Батырдың жауынгерлік ерлік бұрышы. Қазіргі кезде оның селосында Амантай атындағы мектеп бар, мектептің алдына оның мрамордан жасалған бюсті қойылған.



Елеусов Жәнібек Ақатұлы

Ол 1925 жылы Алтай өлкесінің Таулы-Алтай автономиялық облысы, Усть-Канск ауданы Турата селосында кедей қазақтың жанұясында дүниеге келген. 1942 жылы жас

жігіт орта мектепті бітіріп, әскери комиссариатқа барып, өз еркімен соғысқа жіберуін өтінеді. Бірақ оның өтініші 1943 жылдың ақпанында ғана қанағаттандырылады. Атқыштардың алты айлық курсы аяқтап 1943- жылдың шілдесінде Жәнібек Елеусов Воронеж майданына Қызыл Тулы атқыштар дивизиясының 6-гвардия полкының 25-гвардиялық пулемет бөлімінің командирі болып келеді.

Днепр мен Припятьті соғыспен алғандығы үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Қаулысымен 1943 жылдың 16 қазанында Елеусов Жәнібек Ақатұлына Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі. Днепр үшін болған шайқасқа қатысқандардың ішіндегі ең жасы-қазақтан шыққан жас батыр 18 жасар Жәнібек Елеусов болды.

Соғысқа аттанардан бұрын жас жауынгер өз әке-шешесіне: "Құрметті әке-шеше! Сіздер мені тәрбиелеп, өсірдіңіздер. Сондықтан мен, әке-шеше, Отан алдындағы борышымды өтеуім керек. Менің соғысқа кетіп бара жатқаныма уайымдамаңыздар, керісінше, Сіздердің ұлдарыңыз-Жәнібек жауынгер болып, Отанын сыртқы жаулардан қорғауға кетіп бара жатқанына қуаныңыздар. Мен қобалжып тұрғаным жоқ, керісінше өзімді өте сабырлы ұстап, ешқандай қорқынышсыз, ешқандай жаудан тайсалмай, жеңісті күндерге дейін жаумен алысамын деген сеніммен кетіп барамын. Бұл үшін менің күш-жігерім және өжеттігім жетеді",-деп жазады.

Хатта жазылғандар бос сөз емес еді: бірінші шайқаста-ақ пулеметшілер бөлімінің командирі ерлік пен жаужүректілік үлгісін көрсетті. Оның бөлімі жаудың 40 солдатын жойып, 95-ін қолға түсірді. Жәнібектің өзі төрт фашисті өлтірді.

Батылдығы мен ержүректігі үшін 25 гвардиялық полктың жауынгерлері Жәнібекті жақсы көріп кетті, оның қарудың барлық түрінен мергендіктен атқыштығына таң қалатын. Бірде гвардеецтер жаумен қоян-қолтық айқасқа шықты. Осындай айқаста Жәнібек жаудың бес жауынгерін өлтірді. Оның арт жағынан баспалап келген гитлерші оның сол қолы мен қарнынан жаралады. Қызбаланған Жәнібек қатты жарақатына қарамай фашистпен өмір үшін емес, өлім үшін айқаса кетті. Дер кезінде көмекке келген рота командирі Жихарев гитлершіні пистолетпен атып өлтірді. Командирдің санитарлық бөлімге бар деген бұйрығына қарамай Елеусов шайқастың соңына дейін взводтан кеткен жоқ.

Елеусов Десна, Днепр және Припять өзендерін соғыспен алу үстінде ерекше көзге түсті. Киев, Житомир, Ровно секілді мекендер мен ежелгі Днепр, ағысы қатты Припять, сабырлы Днестр оның есінде мәңгі сақталып қалды. Дәл осы жерлерде ол өзінің жауынгерлік ерлігін жасады.

... Сол күні сағат 17-ге таяу батальондар Плитовичи және Опачицы елді мекендерінің жанындағы өзен жағалауына келе жатты. Яновка мен Чернобыльдан үздіксіз атқылған ауыр зеңбіректің оғына қарамай Припятьті соғыспен алуға әрекет жасалды. Алдыңғылардың бірі болып құрмалы қайықпен қатардағы гвардиялық жауынгер Алексей Власов, Василий Манилов, сержант Жәнібек Елеусовтің станокты пулеметшілер бөлімшесі жүзіп кетті. Сол бойда оң жағалаудан жау зеңбіректері мен минометтерінен борап атқылаған оқтың астында қалды. Өзеннің үстінде суық тамшыларымен шомылдырып су фонтандары атқылап жатты. Жәнібектің қайығы қатты шайқалып, жантайып қалды, бірақ сонда-дағы судың таяз жеріне жетті. Дұшпан полк бөлімшесінің жағалауға жеткенін байқап қалып, одан да зор қарқынмен оқ атқылады...

Осы жерде пулеметші Жәнібек Елеусов дүркін-дүркін оқ атып, жау пулеметін жойып, батальонның едәуір күшінің өзеннен өтуіне мүмкіндік жасады. Таңға жақын 25-гвардиялық полктың жауынгерлері Плитовичи және Опачицы елді мекендерін иеленді.

Днепрдегі плацдармда гвардеецтер бір айға жуық уақыт күн сайын жаудың 6-8 шабуылын тойтарып, бұрын болып көрмеген табандылық көрсетті.

Соғыста Жәнібек бірнеше жарақаттар алып, нәтижесінде алты қабырғасы мен бір өкпесінен айрылды. 1944 жылдың 24 мамырында Кремльде оған "Алтын Жұлдыз" тапсырылды. Тағы да соғыс. Кеңес Одағының Батыры Жәнібек Елеусов 1946 жылдың қыркүйек айында әскери қызметтен қайтты.

1972-жылы қыркүйекте Гурьевтен Жамбыл қаласына көшіп келіп, ДОСААФ обкомы спорттық-атқыштар клубының бастығы қызметін атқарды. Тек 1991 жылы ғана демалысқа шықты.



Ол үнемі жастармен кездесіп, өз тәжірибесін оларға бере білді.

Мен өзім онымен бірнеше рет кездесіп, технологиялық институт білімгерлерімен кездесуге шақырдым.

1996 жылы сәуірде соғыста алған жарақаттарынан Елеусов Жәнібек Ақатұлы қайтыс болды. 1996 жылдың 23 сәуірінде Жамбыл қаласының "Жасыл кілем" зиратына жерленді.

Оның өмірін балалары мен немерелері жалғастыруда. Жеңіс жауынгерінің баласы Валерий орта мектепте, қызы Гүлсім полицияда қызмет атқарады. Немересі Талғат Алматыдағы Бауыржан Момышұлы атындағы әскери училищеде оқиды. Ол әскери қызметкер болуды армандайды. Оған риза ұрпақ оның ерлік істерін ұмытқан жоқ. Оның бюсті туған жері Горно-Алтайскідегі Тураты селосында, Борисовка қаласында қойылған. Елеусовтің есімі Украина астанасы - Киев қаласындағы Ұлы Жеңіске арналған ескерткішке алтын әріптермен жазылған...

Тараз қаласындағы Сабыр Рахимов көшесіндегі №1 үйдің қабырғасына естелік тақтасы жапсырылған, одан жүргіншілер 1976-1996 жылдар аралығында бұл үйде Кеңес Одағының Батыры Жәнібек Елеусовтің тұрғанын жәна жұмыс істегенін біледі.



Естемісов Саптар

Естемісов Саптар 1919 жылы Жамбыл облысы Шу ауданында дүниеге келген. Жеті жылдық мектепті бітіріп, комсомол қатарына өткен Саптар жұмысқа белсене араласып кетті. Көп ұзамай ол Жданов колхозы комсомол ұйымының басшысы болып сайланды. Соғыс басталғанда соғысқа жіберуді өтінген алдыңғылардың қатарында әскери комиссариатқа өзі келді.

Естемісовтің әскери өмірі 1942 жылдың 26 маусымынан басталды. Әскери тапсырмаларды мүлтіксіз орындау үстінде көрсеткен қайсарлығы мен ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Қаулысымен 1944 жылғы 4-маусымда марқұм Саптар Естемісовке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Саптар ондаған рет соғысқа қатысып, өзінің пулеметімен жау әскерін жайратып, өзін мерген пулеметші ретінде танытты. 1942 жылдың аяғына дейін Естемісов екі рет госпитальда болды. Шайқаста көрсеткен ерлігі үшін "Ерлігі үшін" медалімен

марапатталып, сержант шенін иемденіп, пулеметшілер ротасының бөлім командирі болып тағайындалды.

...1943-жылдың тамыз айында Вердинск дивизиясының 134-ші атқыштар бөлімі қарсыластарының шебін бұзып, Смоленск облысының Пречистенск ауданында 261,1 биіктігін жаулап алу соғысын жүргізіп жатты. Осы биіктікте шеберлікпен жасырынған жау пулеметі біздің бөлімшелердің жылжуына кедергі келтіріп тұрды. Біздікілер көп шығынға ұшырады. Взвод командирі қатардан шықты. Бөлім командирі Естемісов басқаруды өз қолына алып, жаудың пулеметшілер тобымен жекпе-жекке шығуға шешім қабылдады. Қарсыластарының боратқан оғының астынан Саптар өз пулеметімен сытылып шығып, өзіне жайлы орын тауып, гитлершілердің оқ боратқан атыс орнын істен шығарды.

Қазақ халқының даңқты ұлы Пречистенск ауданы Дольшино деревнясының түбінде 1943 жылдың қыркүйек айында ерекше көзге түсті. Осы жерде жау екі рота жаяу әскер, танктер мен өз бетімен жүретін зеңбіректердің қолдауымен қарсы шабуылға шықты. Жау жағы басымдығының арқасында біздің траншеяларға жетті. Осындай қиын-қыстау жағдайда да Саптар Естемісов шегінген жоқ. Өкіне тиімді позицияны таңдап алып, пулеметін оқтап, оңтайлы сәтті күтіп жатты. Жауды жақындау жіберіп, пулеметтен оқ боратты. Осы шайқаста ол 40 гитлершіні өлтірді. Совет пулеметшісінің бораған оғына шыдамай, фашистер шегінуге мәжбүр болды. Естемісовтің ержүректілігі соғыстың тағдырын шешіп берді.

Отанның жаужүрек сақшысы сержант Естемісов 1943 жылдың 14 қыркүйегінде Коноплянка деревнясы үшін болған соғыста жау әскерлерінің тылына шығып, біздің жаяу әскерлердің жылжуына кедергі жасап тұрған жаудың станокты пулеметшілер тобын танкіге қарсы гранатаны дәл тигізу арқылы жойды. Жақын қашықтықтан ол шоғырланған гитлершілерге оқ боратып, ракетамен сигнал берді. Біздің бөлімшелердің алға қарай тез ұмтылып, соққы беруі жаудың шебін бұзды.

1943 жылдың 19 қыркүйегінде кезекті кескілескен шайқаста қазақ-жауынгер өз пулеметімен жиырмаға жуық фашисті жойып, өзі де ерлікпен қаза тапты.

Батыр Коноплянка деревнясында жерленді. Оның үзеңгілес достары Саптардың кегін алып, жауды Батысқа қарай ығыстыра қуды.

Кеңес Одағының Батыры Саптар Естемісов есімін өз жерлестері ешуақытта ұмытпайды. Оның есімі Шу ауданы Жданов колхозындағы мектепке берілген.



Кавешников
Дмитрий Степанович

Ол 1918 жылы фельдшердің жанұясында дүниеге келді. Жастық шағы мен мектептегі кезеңі Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Евгеньевка селосында өтті. Осы жерде Дмитрий Степановичтің еңбек жолы да басталды.

Кер бұғазын соғыспен алу және Қырымдағы плацдармды алу кезіндегі соғыста көрсеткен ерлігі мен қайсарлығы үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Қаулысымен 1943 жылдың 17 қарашасында 1339 атқыштар полкының штаб бастығы, гвардий-майор Дмитрий Степанович Кавешниковқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

"Ардақты Дмитрий! - деп жазды 1941 жылдың наурызында Домна Федоровна Кавешникова батыр-ұлына. - Менің жасымдағы әйелдің өз ұлының батырлығы туралы

білгендегі жай-күйін сөзбен айту қиын. Менің барлық аналық мақтанышым - сенімен бірге. Олай болса, мен бекерге ұзақ өмір сүріп, бекерге сені тәрбиелеп, өсірмеген екенмін, менің қыранымды..."

Дмитрий Кавешников 25 жасында-ақ өжет, қайсар қыран болды. Новороссийскіні жаудан азат етуде өзін қабілетті және тәжірибелі командир ретінде көрсетті. 1943 жылдың 10 қыркүйегінде ол қызмет атқаратын полк Цемесск шығанағының оң жағалауына, электростанцияның жанын ойдағыдай түсіп, жаулап алған плацдармда нық орнықты. Қырымдағы фашист әскерлерінің күшін тырп еткізбеу үшін оларды Мелитополь маңында ауыр шайқас жүргізіп жатқан Украин майданына қарсы жібермеу туралы КСРО Қарулы Күштер Жоғарғы Бас қолбасшының ставкасы 12 қазан құм Солтүстік-Кавказ майданына Керч түбегіндегі плацдармды жаулап алу үшін ірі десанттық операция дайындау туралы директива берді. Нозороссийскіні жаудан азат еткеннен кейін майор Кавешников Керч десанттық операциясына қатысты 1943 жылдың 1 қарашасына қараған түнде 318 атқыштар дивизиясының құрамына кіретін 1339 полк Керч бұғазынан өтіп, Эльтиген (Керчтен оңтүстікке қарай) маңына түсіп жауды қарқынды шабуылдап жатты. Зеңбіректер мен минометтерден бораған оққа қарамай, жағалау шебін бұзып бөлімше керекті биіктікті жаулап алып, жаулап алған плацдармда нық бекінді.

1-қарашада таң ата жау жағы десантшыларға қарсы танкілер мен күшейтілген екі жаяу әскер дивизиясын жіберді.

Полк командирі десанттың екінші дүрмегінің бөлімшесімен қалған еді. Майор Кавешников басқаруды өз қолына алып, бөлімшенің күшін дұрыс бөліп, бірінші күннің өзінде-ақ қарсыластың 20-ға жуық шабуылына тойтарыс берді.

Осы шайқаста майор Кавешников Қырымды азат ету Батыры болды. Соғыстың біту кезінде подполковигі Кавешников Мәскеудің Әскери Академияларының бірі бітірді.



Кердань
Федор
Кириллович

Он сегіз жасар комсомол мүшесі Федор Кердань Қызыл әскер қатарына 1943 жылдың наурыз айында Жамбыл облысының Жуалы ауданының әскери комиссариатынан шақырылды. 1925 жылдың 1-қазанында дүниеге келген. Жанұясымен бірге Жуалы ауданының Кантемировка деревнясында тұрған. Ол бауырлас Чехословакия жерін азат ету үшін болған Моравск-Остравск операциясында ерекше көзге түсіп, 20 жасында Кеңес Одағының Батыры болды.

1945 жылдың наурыз айында совет әскерлері Прагаға баратын жолда мықты қорғаныс шебін жасап алған гитлершілермен Чехия қаласы Моравск-Острава қаласының маңында қиян-кескі шабуылдау соғыстарын жүргізіп жатты. 1945 жылғы сәуір айының басында біздің әскерлерге көмекке келген басқа бөлімдердің құрамында Бас Қолбасшының қорынан Станиславск Қызыл Тулы 1672 танкілерді жойғыш артиллериялық полкы көмекке жіберілді. Осы даңқты полктың құрамында жауынгерлік жолмен Берлинге қарай бет алған кіші сержант Оңтүстік Қазақстандық жиырма жасар жігіт Федор Кердань да бар еді. Ол тәжірибелі артиллерист, нысанашы Рахымжан Тоқтаевқа көмекші болып бекітілді.

Совет әскерлері сәуірдің ортасында жаудың қорғаныс шебін шабуылдап, соғыс бекінісін бұзғанымен, тек 7-10 километрге ғана алға жылжыды. Фашистер үш таңқ дивизиясының көмегімен қарсы шабуылға шықты. Ағыны тез Одраның жағасында, Фульнек деревнясының жанындағы соғыста Қазақстандық бауырластар Федор Кердань мен Рахымжан Тоқатаев секілді біздің жерлестеріміз өшпесі ерлігін көрсетті.

... Соғыс таң ата басталды. Артиллериялық қарудан атқылаған оқтың даусы алғашқы көктемгі найзағайды еске түсіретіндей еді. Сағат 2-ге таман да майдан даласындағы жағдай біздің пайдамызға шешілген жоқ. Фашистер соғысқа жаңа күштерді қосып, біздің бірнеше атыс орнын істен шығарды. Гитлершілердің танкілері мен бронетранспортері колонналары жаяу әскерлерімен бірге деревняның шетіне ілікті. Міне, осы кезде Тоқатаев пен Керданьның бекіністегі қаруы іске қосылды. Соққы кенеттен болды және деп тиіп жатты. Бірінші оқтан-ақ колоннаның тура ортасындағы машина от құшты. Екінші снаряд колоннаны бастап келе жатқан "Тигрды" істен шығарса, келесі минутта колоннаны тұйықтап келе жатқан құрыштан жасалған орасан зор машина жарылды. Жаудың машиналары болбыраған тау жолында орындарынан қозғала алмай қалды, сосын арпалысып өртенген танктерді айналып өтуге әрекет жасап, оңды-солға бей-берекет оқ ата бастады, бірақ ол ешқандай нәтиже берген жоқ...

Талдырмаш қазақ және орыс жігіттері қарауытқан қарға сырт киімдерін шешіп тастап, қызып тұрған зеңбіректен бірінен кейін бірі оқ жаудырып, алға жылжыды. Тағы да үш танк, екі бронетранспортер от құшты. Ержүректер бораға оқтың астында қалды, дәл қастарынан снаряд жарылып, айнала отқа оранды, бірақ олар өздерінің теңдессіз соғысын жалғастыра берді. Соның арқасында соғыстан жеңімпаз болып шықты! Бұл шайқаста Федор Кердань мен Рахымжан Тоқатаев тоғыз танк пен төрт бронетранспортерды жойды. Отан бұл ерлікке лайықты баға берді. Тоқатаев пен Кердань 1945 жылдың 29 маусымында Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды.

Соғыстан кейін Федор Кердань 1947-жылдың мамыр айында Челябинскінің штурмандар әскери әуе училищесін бітірді. Смоленск, Орша, Бобруйскіде әскери қызметте болды. Әскерден босағаннан кейін 1950-жылы Минск әуежайында жұмыс істеп, кейіннен Ульяновск қаласындағы жоғарғы ұшқыштар мектебіне жіберілді. 1964-жылы денсаулығына байланысты ұшқыштық қызметтен босап, Минскіге қайтты. 1981-жылы денсаулығын түзеу үшін әйелімен бірге Ялтаға көшіп келді. Оның төрт ағасы соғыста қайтыс болды. Баласы және екі немересі Минскіде тұрады. Рахымжан Тоқатаев қазір зейнеткер, Алматы облысының Есік қаласында тұрады.



Ларионов Семен Архипович

Ларионов Семен Архипович 1915 жылы шаруаның жанұясында дүниеге келді. Ұлты-мордва. 1934 жылы, Жамбыл облысына келіп, тракторшылар курсын тамамдап, Свердлов ауданы (қазір Байзақ ауданы) Новоивановка МТС-інде тракторшылар бригадасының бригадирі болып жұмыс істеді. 1938-1940 жылдар аралығында әскер қатарында болып, 1941 жылы Қызыл әскерге шақырылады.

Ларионов Семен Архиповичқа КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Қаулысымен 1943 жылдың 30-қазанында Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

Өзінің бірінші жауынгерлік қадамын Смоленск бағытындағы соғыстан бастайды. Ол танкіге қарсы зеңбірек бөлімшесінің командирі болады. Гитлершілермен алғашқы айқаста

Ларионовтың бөлімшесі жаудың 6 дзоты мен пулеметтік орнын жойды. Осындай жетістіктер бізді жерлесімізді жаңа ерліктерге қанаттандырды. Орталы майдандағы қиян-кескі соғыста Ларионов өз бөлімшесімен 8 пулеметтік орынды, 7 минометті жоқ қылып, 200-ге тарта фашисті жер қаптырып, қару-жарақ артылған бірнеше арбаны жойды. Ларионовтың бөлімшесі үш рет жаудың қоршауында қалды, бірақ гитлершілердің нағыз ержүректерді қолға түсіруге жасаған әрекеттерінен еш нәрсе шықпады.

Фашистермен қиян-кескі және теңдессіз соғыста Ларионовтың бөлімшесінен екі жауынгер ерлерше қаза тапты. Шайқас одан да қызу жалғасты. Осы туралы Батырдың өзі былай деп жазады: "Біз екеуіміз ғана қалдық: мен және нысанашы Новиков. Гитлершілдер жеңісті тойлап жатты. Бірақ біз өліспей беріспейміз деп шештік. Фашист тұтқыны болғаннан өлген артық".

Олардың қару-жарағы мол болатын. Сондықтан фашистердің кезекті шабуылын зеңбіректен борап атқан оқпен қарсы алды. Ларионов пен Новиков екі взводтай жау жауынгерлері мен екі офицерді жояды. Жау шегінуге мәжбүр болады. Ларионов пен Новиков қоршаудан шығып, өздерімен бірге 6 тұтқынды алып келеді. Осы ерлігі үшін Ларионов Отан соғысының II дәрежелі орденімен марапатталады.

1943 жылдың күзі. Совет әскерлері өкшелеп қуған фашист әскерлері Батысқа қарай бірте-бірте ығысып бара жатты. Бірақ жау бірде-бір елді мекенді, жердің бір метрін де соғыссыз бергісі жоқ. Гитлершілер әсіресе Днепрден айырлығы келмейді. 237 атқыштар полкының басшылығы Ларионовтың бөлімшесінің алдына қиын міндет қойды. Днепрді соғыспен алып, билік құрып тұрған биіктікке жетіп, негізгі күшті өзеннен өткізуге жол ашу. Бұл Гомель облысы, Лоевск ауданы, Щитцы деревнясының маңында 16-қазан күні болып еді.

Қараңғылықты жамылып, аға сержант Ларионовтың взводы қайықтарға отырып, суға түсті. Онда екі зеңбірек және 13 жауынгер бар еді. Жағаға 15-20 метр қалғанда жау жағы қайыққа оқ боратты. Қайық жантайып құлап, зеңбірек пен жауынгерлер суға бата бастады. Бірақ совет алыптарының қаруды тастау деген ойында да жоқ еді. Жаудың бораған оғы мен тастай суға қарамай олар күш біріктіріп, зеңбіректерді жағаға алып шықты. Взвод қарсы шабуылға дайындық жасады. Көздеп атқан Ларионов бірнеше пулемет орындары мен ондаған гитлершілерді жойды. Таңға қарай Днепрдің оң жағалауындағы билік құрып тұрған биіктік Ларионовтың екі зеңбірегінен бораған оққа оранды.

Командованияның тапсырмасы "өте жақсыға" орындалды. Осы ерлігі үшін Семен Архипович Ларионовқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Семен Архипович ларионов фашист Германиясын жеңгенге дейін ерлікпен күресті. Ол 1947 жылы аға лейтенант шенінде әскерден босады.



Момышұлы Бауыржан

Гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының есімі біздің елде ғана емес, одан тысқары жерлерге де мәшһүр. Ол - Александр Бектің «Волоколам тас жолы» документальды повесінің негізгі кейіпкері. Ол туралы Дмитрий Снегин «Шабуылда» повесінде, Мәлік Ғабдуллин «Менің майдандас достарым» кітабында, Александр Кривицкий «Ғасыр өтсе де ұмытпаймын» повесінде жазды.

Бауыржан Момышұлының есімі оның өзі жазған, әр түрлі кезеңдерде баспа бетінде жарық көрген «Ұшқан ұя», «Бір түннің тарихы», «Майдандастар кездесуі», «Взвод командирінің көмекшісі Николай Редин», «Артымызда - Мәскеу», «Куба кездесулері» туындылары арқылы да мәлім. Совет Одағының Батыры, генерал-майор, жазушы, «Таза ардың адамдары» повесінің авторы Петр Вершигора былай деп жазды: «Бауыржан Момышұлының соғыстағы ерліктері бізге белгілі. Жазушы болу арқылы ол екінші ерлігін жасады. Меніңше, екі ерлігі де тең тұрарлық».

Бауыржан Момышұлы - бейнетті де зейнетті тағдырдың адамы. «Ол шындық пен аңыз, мысқылшыл және бір беткей. "Ол - қазақ халқының феномені» - деп жазады өздерінің «Құз басындағы аңшының зары» атты кітап-диалогында белгілі жазушы Шыңғыс Айтматов пен ақын Мұхтар Шаханов.

Бауыржан 1910 жылы ескіше 24 желтоқсанда Жамбыл облысы, Жуалы ауынында дүниеге келген. Бауыржанның шешесі өте ерте қайтыс болады да, оны әкесі Момышәлі, ауылдықтардың атауы бойынша Момыш және әжесі тәрбиелейді. 13 жастан бастап Бауыржан интернаттарда тұруға мәжбүр болады.

Ол жақсы өмірді көксеген, алыс жерлерге саяхатқа заруды армандаған ерте есейген жетімдер мен жетімханадағыларға жақын болды, бірақ басқалардан ерекшелігі - ол істеген ісінде орнықты және ұқыпты, өзін мардымсыз емес жұмысқа тартуға жоқ еді. Сондықтан ол серлердің ұлы «ерлердің ұлы тобының» қиын үлесі-жауынгерлік жолды таңдады.

1928 жылдан 1936 жылға дейін ол мұғалім және райком хатшысы, қаржы қызметкері, тіпті милиция бастығы да болып қызмет атқарады. 1936 жылы Қызыл Әскер қатарына алынып, Ленинград қаржы Академиясының курсы бітіреді. Соғыс басталғанда сол кезде Республиканың соғыс комиссариатының аға инспекторы Бауыржан генерал И.В. Панфиловқа Алматыдағы 316 атқыштар дивизиясын жасақтауға көмектесіп, өзі батальон командирі болып тағайындалады. Момышұлының батальоны ең алғашқылардың бірі болып эшалонға тиелді, себебі оған елдің Батысына қарай аттандырылған эшелонның бастығы қызметі жүктелді. 316 атқыштар дивизиясы Мәскеуге баратын негізгі бағыттағы Батыс майданының қарауына жіберілді. Ең сенімді және сынақтан өткен командирлер мен жауынгерлер дивизия командаваниесінің резервіне, бөгеу отрядтарына соғыстағы тапсырмаларды орындауға жіберілетін еді.

Мәскеу түбіндегі шайқаста Момышұлы нағыз әскери шеберлікті көрсетті. Оның батальоны Горюны, Покровское деревняларындағы Матренина станциясының тіркеу пунктерінде төрт тәулік бойы соғыс алаңын ұстап тұрды. Осы шайқастан кейін Волоколам тас жолы бойында аға лейтенант полк командирі болып тағайындалды. Оның полкы ең қатал шабуылдарда ерекше көзге түсті. Санының көптігіне қарамай жау әскерлері күніне тек 1,5 километрге ғана алға жылжыды. Бұл оларға қымбат бағаға түсті-жер қан сасыды.

Бір күн бұрын 16 армияның 316 атқыштар дивизиясының 1073-атқыштар полкының батальон командирі Бауыржан Момышұлы Волоколам маңында 690 жауынгерді қоршаудай алып шықты. Бауыржан Мәскеуді қорғау үшін болған 27 шайқасқа қатысты. Оның барлығы «Артымызда - Мәскеу» кітабында анық жазылған.

Гвардий капитан Момышұлы өз полкымен жанын аямай жауға қарсы тұрды, жараланса да соғыс алаңын тастаған жоқ. Келесі шайқаста қатты жараланып, 1944 жылдың наурыз айына дейін госпитальда болды. Ол сирек кездесетін батырлық қайрат-жігерге толы офицер болды. Аяғына тұра салып, майданға оралды, 1945 жылдың қаңтарында Шығыс Пруссия операциясының 9 гвардиялық атқыштар дивизиясын басқарды. Командование 1942 жылдың басында-ақ Мәскеу түбіндегі шайқас үшін оны Кеңес Одағының Батыры атағыш ұсынғанын гвардия полковнигі білген жоқ. Наградалық марапаттау қайнаған соғыс ағынында жоғалды немесе арам қолға түсті, өкінішке орай, ондай жағдайлар ол кезде кездесіп отырды.

Тек 1990 жылдың 11 желтоқсанында марқұм Бауыржан Момышұлына Кеңес Одағының Батыры атағы мен генерал шені берілді. Тарихи шындықты қалпына келтіруге Қазақстанның бірінші Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзі қатысты.

Соғыс аяқталғаннан кейін Бауыржан Момышұлы ерекше көзге түскен командирлер қатарында Бас штабтың Академиясына оқуға қабылданады. 250 офицердің ішінде ол жалғыз Азияның өкілі болды. Академияны бітіргеннен кейін оған профессор атағы беріліп, ол лекция оқиды. Оның жалпы тактика курсынан оқыған лекцияларын көпті көрген батырлар да ұйып тыңдайтын. Оны тыңдаушылары қарапайымдылығы мен пікірінің дұрыстығы, шыншылдығы мен жайдары мінезі үшін жақсы көретін.

1956 жылы Момышұлы отставкаға шығады. Бауыржан: «Мен - запастағы полковникпін, бірақ отставкадағы азамат емеспін» деп қайталағанды жақсы көретін. Куба, Израил, Никарагуаның әскери оқу орындарында Момышұлының әскери тәжірибесі жеке оқытылады.

Баукеңнің соғыс кезінде жазылған көлемді еңбектерінің бірі - «Соғыс психологиясы», өз кезінде бұл еңбек лекция түрінде Қазақстанның белгілі ғалымдары, әскери қызметкерлері, әдебиет және өнер қайраткерлерінің алдында оқылды. Бүгінгі күнге дейін бұл монография өзінің ғылыми саласындағы іргелі және қиын еңбектердің бірі болып саналады. Сондықтан Бауыржан Момышұлы Отандық әскери философияның негізін салушы деп айтуға болады. Жақында бұл еңбек ағылшын тіліне аударылды.

Әскери қызметтен босағаннан кейін Баукең әдеби әлемге повесть және әңгіме шебері ретінде енді. Момышұлы тоталитарлық жүйенің қатал шеңберіне сыймай, өз табиғатына сай өмір сүрді. Ол қатал, ымырасыз мінезді, барлық кезде шындықты бетке айтатын адам болды, сондықтан да ол еңбегі сіңген атақ пен даңқтан құралақан қалды. Батырдың кесіп түсетін, ымырасыз мінезі жайлы әр түрлі әңгімелер көп болатын. Ол үкіметпен әр кезде оппозицияда жүрді. Момышұлы: «Мен туралы 120 вагон өсек бар, соның 1 вагоны ғана шындық та, қалған 119-өтірік», -деп әзілдейтін.

1975 жылы Жеңістің 30 жылдығына орай қойылған 28 Панфиловшылар мемориалының ашылу салтанатына Үкімет басындағылар Батырды шақыруды қажет деп таппады. Қарт полковник өзі келді. Оны елдің барлығы танитын еді сондықтан күзеттегілердің ешқайсысы даңқты жауынгерді тоқтатқан жоқ. Момышұлы ешқандай бөгелусіз мемориалға барып, қайтыс болған майдандас жолдастарына бас иіп, ізет көрсетіп, Қонаев тұрған мінберге көтерілді

Жазушы Тахауи Ахтанов 1982 жылдың маусым айының ыстық күнінде Батырды соңғы сапарға аттандырып тұрып, оның қабірінің басында өзінің: «Ол ноктаға басы сыймай өмі сүрді» - деген айрықша мәнді сөзін айтты.

Батыр көп қорлық-зомбылық көрді. Бірақ оның атағы, халықтың өз батырына деген сүйіспеншілігі өшкен жоқ Оның көріпкелдікпен айтқан «Батыр халық үшін өмір сүріп, халық үшін жанын қияды» - деген сөзі орындалды. Момышұлының өмірден озуы оның екінші, мәңгілік өмірінің бастауы болды. Менің өзім, 70 жылдары обкомның нұсқаушысы болып қызмет атқара жүріп Баукеңмен бірнеше рет кездестім, ол маған жағымды әсер қалдырды.

Ризашылықты ұрпақ өз Батырын ұмытқан жоқ. Жерлестері аты аңызға айналған Батыр, жауынгер-жазушының туғанына 90 жыл толуын кең, салтанатты түрде тойлап өтті.

2000 жылдың 9 қыркүйегінде халық Батырының кіші Отаны - Б.Момышұлы ауылында оның музейінің алдында Баукеңнің ескерткіш - бюсті ашылды. Дәл сол күні облыстық драма театрының алдына қойылған, аты аңызға айналған жауынгер - жазушының символды, қайталанбас тұлға Б.Момышұлы ескерткішінің жапқышы алынды.

2005-жылдың 9-мамыры күні Жеңістің 60 жылдығын орай Ресей Федерациясындағы Волоколамскідегі мемориалдық кешенде Кеңес Одағының Батырлары Бауыржан Момышұлы мен Иван Васильевич Панфиловтың бюстері қойылды. Бұл ашылуы салтанатына мемлекетіміздің Басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қатысты.



Пахомов Дмитрий Федорович

Дмитрий Федорович Пахомов 1920 жылы дүниеге келген. 1942 жылы қазан айында Жамбыл облысы Жуалы аудандық әскери комиссариатынан Қызыл әскер қатарына шақырылады. 1943 жылдың маусымынан соғысқа қатысады. Жылжымалы 393 артиллериялық полктың механик-жүргізушісі гвардий сержант Дмитрий Федорович Пахомовқа 1945 жылдың 27 ақпанында Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

Отан үшін шайқаста өшпес ерлік көрсеткен ержүрек танкист Дмитрий Федорович Пахомов өзін мәңгі даңққа бөледі. Пахомов жүргізген жауынгерлік машина қай жерде пайда болса да фашистерге өлім сеуіп, бүліншілік пен дүрбелең туғызды.

I және II Украин, кейіннен I Белорус майдандарында соғысқан Дмитрий Федорович өз танкімен бір жарым мың шақырымнан аса жол жүрді. Ержүрек жауынгер 51 танкілік шабуылға қатысты.

Сохачев қаласы үшін болған айкаста Д.Ф.Пахомов теңдессіз ерлік пен аса жоғары жауынгерлік шеберлік көрсетті. Жау I Белорус майданының жеңімпаздық шабуылына тойтарыс беру үшін күндіз-түні Сохачеваға әскери эшалондарды жинақтады.

1945 жылдың 17 қаңтарында 393 гвардиялық полктың алдыңғы қатарлы бөлімі жаудың кезекті эшалоның жою туралы бұйрық алды. Осы бұйрықты орындау үшін механик-жүргізуші Пахомов өз машинасымен алғашқылардың бірі болып аттанды. Танктың зеңбірегі мен пулеметінен атылған оқ паровозға тиіп, ол демде отқа оранып, рельстен шықты. Жау эшалоны жойылды. Түнде барлаушылар командованиеге станцияға қарай тағы да бір теміржол құрамы жылжып келе жатқанын мәлімдеді. Түннің қараңғылығына қарамай Пахомовтың танкі теміржол бойына жақындады. Жылжымалы құрам өздерімен теңескенде, экипаж паровозға қарсы тікелей оқ жаудырды. Тоқтап қалған вагондардан гитлершілер дүрлігіп қашып, қару-жарак жарыла бастады. Басқа танкілердің көмегімен эшалон түгелдей жойылды.

Қарсы шабуылдау соғыстарында Д.Ф.Пахомов жүргізетін танкті шайқастың ең қиын және қауіпті жерлерінен көруге болатын еді. Ол әлденеше рет жаудың шегініп бара жатқан колонналарымен соқтығысып, гитлершілерді қырып-жойды.

Дмитрий Федорович жеңіс күніне жеткен жоқ. 1943 жылдың 11 наурызында ол госпитальда қайтыс болып, Штатгард қаласындағы бауырластар зиратына жерленді.



Петров Александр Федорович

Александр Петров 1920 жылдың 14 тамызында Алматы облысының Еңбекші Қазақ ауданының Тургень селосында дүниеге келген. Ұлты - орыс. Жастық шағы Алматыда өткен. Осы жерде ол комсомол қатарына өтіп, еңбек жолын электромонтер болып бастаған. 1940 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылады. Қызыл Тулы 75-Бахмачск атқыштар дивизиясының 231-гвардиялық атқыштар полкының миномет ротасының бөлім командирі болып соғысады. Соғыста ол жауынгерлердің көсемі, білгір-командир ретінде ерекшеленеді. Днепр үшін болған шайқаста Александр Федорович ерекше тапқырлық пен ерлік көрсетті.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Призидиумының Қаулысымен 1943 жылдың 17 қазанында гвардий ефрейтор Александр Федорович Петровқа Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

1943 жылдың 28-ші тамызы мен 8-ші қазаны аралығында яғни бір жарым айға жуық уақыт Қазақстандық жауынгер -Александр Петров Киев бағытындағы майданда ерекше тапқырлық пен жеке өжеттігін көрсетті. 1943 жылдың 3-қазаны күні Днепрдің Батыс жағалауындағы Ясногородка селосы үшін шайқас жүріп жатты. Фашистер майданның тар бөлігінде ірі күштерін шоғырландырып, қарсы шабуылға шығып, біздің бөлімшелерді Днепрден ары ығыстыруға қауіп төндірді. Осы кезде взвод командирі жарақат алды. Взвод басқаруды өз қолына алған Александр Петров атысты шеберлікпен басқарып, қарсыластың жаяу әскерінің бірнеше шабуылына тойтарыс берді. Рота командирінің жараланғанын білген ефрейтор Петров ротаны басқаруды өз қолына алады. Біздің бөлімшелерден саны әлденеше есе көп қарсыла алдыңғы шепке жақындағанда, Александр Петров минометтің жанына-2, пулеметтің жанына-1 жауынгерде тастап, қалған ротаны түгел шабуылға шығарып, бетпе-бе шайқаста 30-дан аса фашист жауынгерлері мен офицерлерінің көзін жояды. Осылайша ол қарсыласты төртінші шабуылына тойтарыс береді.

Біраз уақыттан соң жау оң қапталдағы бөлімшені шабуылдап, алдыңғы шепке өтіп кетті. Александр Федорови бұл жағдай оның ротасын

айналып өтіп, қоршауға түсір қаупін тудыратынын түсінді. Ол көрші бөлімнің бөлімшелеріне барып, тез шешімді әрекеттер жасап, жауынгерлерді қайта топтады. Өзін солардың командирімін деп жариялап, көрші бөлімшені осы уақытта біздің алдыңғы шепті басып алған жаудың жаяу әскерлеріне қарсы шабуылға шығарды. Осымен бір мезгілде байланыстырушы арқылы өз ротасына жаудың қапталы мен тылынан соққы бере отырып жаудың жаяу әскерінің шегінетін жолын кесіп тастауға бұйрық берді. Осындай батыл да епті маневрдың арқасында гитлершілдердің екіге жуық ротасы қоршауға алынып, жойылды, ал біздің алдыңғы шеп толығымен қалпына келтірілді.

Осы соғыста Александр Петров басқарған рота қарсыластың алты шабуылына тойтарыс беріп, 200-ге жуық жау жауынгерлері мен офицерлерін жойды, 2 пулемет, көптеген винтовкалар мен автоматтарды қолға түсіріп, біздің шептің бұзылуына жол бермеді. Ефрейтор Петровтың өзі осы соғыста 14 фашист жауынгері мен унтер-офицерін өлтіріп, жеке басының ерлік және ержүректік үлгісіме жауынгерлерді рухтандырды. Осы ерлігі үшін Алексан Федорович Петровқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.



Суретте 1976 жылдың 10 ақпанындағы Жамбыл қаласының "Жамбылқұрылыс" тресінің озат жастарының Кеңес Одағының Батыры АФ. Петров пен соғыс және еңбек ардагерлерінің Облыстық Кеңесінің төрағасы Ш.

Достанбаевпен кездесуі бейнеленген.

Соғыстан кейін Александр Петров Жамбыл қаласына көшіп келіп, жұмыс істеді. Соғыс және еңбек ардагерлерінің қалалық Кеңесінің мүшелерімен қаладағы білімгер-жастарға патриоттық және интернационалдық тәрбие беруде қажырлы еңбек етті.

Менің өзім де Александр Федоровичпен әр түрлі іс-шараларда бірнеше рет кездесіп, Жамбыл жеңіл және тоқыма өнеркәсібі технологиялық институтына шақырып, инженерлік-механика факультетінің білімгерлерімен кездесу өткіздім.

Оның досы соғыс және еңбек ардагерлерінің Облыстық Кеңесінің төрағасы менің әкем Шомбол Достантаевпен бірге оның үйінде екі рет қонақта болдым. 1986 жылы Александр Федорович қайтыс болды. Оның есімі қала көшелерінің біріне берілді. №7 Циолковский атындағы мектеп-гимназияда бастауыш сыныптарға сабақ беретін мұғалім болып жұмысстейтін оның қызы Ольга Александровна Петрова қалада тұрады.



Романютин
Александр
Иванович

Біздің алдымызда Александр Иванович Романютиннің басқа марапаттау қағазы жатыр. Онда Батырдың қысқаша жауынгерлік өмірі баяндалған. Ол Волга өзенінің жағалауында басталып, Днепр эпопеясына дейін созылып жатыр. Әрбір жаңа әскери эпизодпен бірге Романютиннің жауынгерлік бейнесі ашыла түседі. Александр Иванович 193 жылы Жамбыл облысы Қордай ауданы Георгиевка селосында дүниеге келді. Ұлты-орыс. Ұлы Отан соғысы басталардан сәл-ақ бұрын орта мектепті бітіріп, 1942 жылдың қыркүйе айында Қызыл Әскер қатарына шақырылады.

Днепрдің оң жағалауындағы шайқаста көрсеткен қаһармандығы мен ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Қаулысымен 1944 жылдың 9 ақпанында Александр Иванович Романютинге Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

Атқыштар училищесін бітіргеннен кейін кіші лейтенант Александр Романютин 136-атқыштар дивизиясы 342-полкі 45 мм зеңбірек взводының командирі болып тағайындалды. Жауынгерлік өмір басталды. Романютин 1943- жылдың қазан айында Днепрдің оң жағалауындағы плацдармды кеңейту үшін болған соғыста ерекше табандылық пен ерлік көрсетіп, танкілердің қолдауымен жасалған жаудың жаяу әскерлерінің ондаған

шабуылына тойтарыс берді. Өз батареясын іскерлікпен басқара отырып Романютин жауды аяусыз қырып-жояды.

...Бұл күні жаудың жаяу әскері біздің бөлімдерді Днепрге тоғыту үшін үш рет шабуылға шықты. Үш шабуылдың барлығына тойтарыс беріледі. Романютиннің батареясы ержүректілікпен шайқасады. Бірақ күштің ара салмағы бірдей емес еді. Жау әскерлерінің бір ротасы біздің жаяу әскер окоптарына жетті. Жау окопқа жақындағанда Романютин өз жауынгерлеріне оларға тікелей оқ атуға бұйрық берді. Сасып қалған жау шегінуге мәжбүр болады, бірақ біраз уақыттан кейін шабуылды қайта бастайды. Енді гитлершілер біздің позицияларға өз зеңбіректері мен пулеметтерінен оқ жаудырып, "Тигрлардың" көмегіне сүйеніп келе жатты. Зеңбіректер бірінен кейін бірі істен шығып, артиллеристер мерт болып жатты. Ендігі бір сәтте батарея командирі тұмсығы жоқ зеңбіректің жанында жалғыз өзі қалды. Романютин әрең дегенде зеңбіректі қосымша алаңқайға сүйреп жеткізіп, жаудың танкілерін тікелей ата бастады, ол екі "Тигрды" от құштырып, жаудың үш зеңбірегіннің үнін өшірді. Он бес шақты фашисті жер қаптырды. Снарядтың тікелей түсуінен зеңбірегі істен шыққан кезде ол автоматын ала салып, жауға қарсы шықты. Жартылай көмілген окоптардан біздің жаяу әскерлер көтерілді. Шабуыл жеңіспен аяқталды. Жау әскерлері жүздеген өліктерді тастап, шегінді. Совет жауынгері Александр Иванович Романютин Отан үшін болған осындай шайқастарда шынықты. Кеңес Одағының Батыры атағынан басқа ол Александр Невский, Ұлы Отан Соғысы I және II дәрежелі, Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталды

Соғыстан кейін А.И. Романютин Алматы қаласына көшіп барып, автокөлік ғылыми-зерттеу институтында жұмыс істеді.



Савва Владимир Артемович

Савва Владимир Артемович 1923 жылы туған. Ұлты украин. Әскерге 1940 жылы Меркі аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. Днепрден соғыспен өтудегі көрсеткен ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі, Президиумының Қаулысымен 1943 жылдың 29 қазанында оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Соғыс басталғанда Владимир Артемович мамандандырылған әскерде болатын. Әскери училищені түлегі, ол 1942 жылы алдымен Оңтүстік Батыс, кейіннен Брянск және Воронеж майдандарында соғысқан. Взвод және рота командирі болған. Бір жылдан кейін капитан Владимир Савва 240 атқыштар дивизиясының, 842 полкының батальоның шайқасқа шығарады. Жас офицердің кеудесі Қызыл Жұлдыз ордені әшекеелейді.

1943 жылдың күзі. Көптен күткен кезең туды: совет әскерлері Украинаның ұлы өзені Днепрге шықты. 27-ші қыркүйекте атқыштар батальонының командирі Савва Днепрден соғыспен өту бұйрығын алғаннан кейін бұл жауапты істің жоспарын құрады. Қолда бар құралдар мен балықшылардың қайықтарын қолданып, керек уақытында батальон арғы жағалауға өтуді бастады. Қарсыластар оқ жаудырғанымен, командирлерінің жеке үлгісін көрген бүкіл батальон бұйрықты ары қарай орындай берді. Комбат ержүрек жауынгерлермен бірге судағы қақтығыстардан өтіп, қарсы жағалауға орнығып, қарсыластарының бірнеше шабуылына тойтарыс берді. Жақсы ұйымдастырылған шабуылдың нәтижесінде батальон ең керекті биіктікті жаулап алып, соның арқасында полктың Днепрді басып алуына мүмкіндік жасады.

Днепрден соғыспен өтуі және фашист әскерлерін нық орнаған шебінен Батысқа шегіндіргендері үшін Батырлар ерлігін Отаны жоғары құрметпен бағалады. Капитан Савва Владимир Артемович өзінің қасындағы көптеген жолдастары сияқты Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Даңқты командир фашистермен соғыс біткенше шайқасты. Соғыста алған көптеген жарақаттар Батырдың денсаулығына әсер етіп, оның өмірі қысқа болды: ол

соғыстан кейін 1947-жылы, 19-қыркүйекте, жиырма үш жасында қайтыс болады.

Ол Мәскеуде Нова-Девичье зиратында жерленген. Батырдың жерлестері оның өшпес қаһармандығын мақтан тұтады. Меркі ауылының Владимир Савва оқыған мектебі Батырдың есімімен аталады.



Сорокин Андрей Алексеевич

Украина, Белорусия, Венгрия, Германия жерлерін азат еткен ерліктері үшін Кеңес Одағының Батыры атағына болғандардың бірі - Тараз қаласынан шыққан Батыр Андрей Алексеевич Сорокин. Ол 1905 жылы туған. Соғысқа дейін Жамбыл қант зауытында жұмысшы болып жұмыс істеген. Қызыл Әскер қатарына 1942 жылдың қаңтарында шақырылған. Екі рет жарақат алған. 1944 жылы 13 сәуір қатты контузия алып, гитлершілдерге тұтқынға түскен. 1 айдан кейін фашистерден қашып шығып, ержүрек жауынгер соғысқа қайтып келіп, жауынан өшін алады. Өзінің соң ерлігін ол Венгрия жерінде жасайды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Қаулысымен 1945 жылы 24 наурызда марқұм қатардағы жауынгер Андрей Алексеевич Сорокинге Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

Жауынгердің Құрмет парағы мен командование Кеңес Одағының Батыры атағын беру үшін жинаған құжаттарда алынған мәліметтер біз үшін аз болса да маңызды. Олар көпірме тіркес жоқ. Қатал әскери тілмен жазылған. Дегенмен шабытты қызығушылықпен оқылады. Бұл - әскери құрмет пен атақтың шынайы жазбасы.

1944 жыл Совет әскерлері өз Отанымызды фашист басқыншыларынан тазартып, Венгрия жеріне кірді және фашист дивизияларын талқандауды жалғастырды.

1944 жылы 27 қазанда Галамбош станциясының аймағында жау жағы полкқа таяу жаяу әскер және бес танк гвардиясының көмегімен 49 гвардиялық атқыштар дивизиясының 144 полкының 3 батальонына шабуыл жасайды. Гитлершілдер осы жерден мықты сокқы беріп, совет әскерінің шабуылына тойтарыс беруді ойлаған еді.

Қатуланған фашистердің шабуылына қарамастан, гвардеецтер табанды шайқасты. Жаумен қызу шайқаста ерекше көзге түскен орыс жауынгері Андрей Сорокин болды. 45 мм-лік зеңбірек әскери тәртіппен 3-ші атқыштар батальонының құрамында жылжыды. Кенеттен қарсыластар оларды танк және жаяу әскермен шабуылдады. Қарсылас танктер, әсіресе, Сорокин нысанашысы болған зеңбірекке ерекше оқ жаудырды. Сорокин туралап атып, жаудың 1 танкі мен 20 солдат, офицерлерін жойды...

Қарсыластардың бірінші шабуылына тойтарыс берілді. Бірақ жау онымен тоқтамай, танктері мен жаяу әскерін қосып дүркін-дүркін шабуылға шықты.

Бұл теңдессіз шайқаста оның барлық қаруластары мерт болды. Сорокин өзінің зеңбірегінің қасында жалғыз қалса да, ашық позицияда соғысты жалғастыра берді. Шабуылдардың бірінде Сорокин жарақат алды, дегенмен шайқас алаңын тастамады. Қарсыластардың жаяу әскеріне қарсы шабуыл жасай отырып, ол жаудың пулеметі мен 15 автоматшысын жойды. Зеңбірекші Сорокиннің іс-әрекеті мен ерлігі гитлершілдердің біздің әскердің тылына өту мүмкіндігін жойды. Сол кезде жау өзінің бүкіл оғы мен артиллерия, танктерін Сорокин қансырап, жарақаттанып жатқан ұлтарақтай жерге бағыттады. Жақын жерден жарылған снаряд бөлшектері ержүрек ерді жеңді.

Батырдың денесі әскери құрметпен Венгрияның Ясен-Тласло деревнясына жерленді.



Суханбаев Ағаділ

Қазақ халқының атақты ұлы Ағаділ Суханбаев 1920 жылы Жамбыл облысы, Свердлов (қазіргі Байзақ) ауданында дүниеге келген. 1934 жылы жеті жылдық мектепті бітірген ол, туған колхозында комсомол ұйымының хатшысы болады. Өз кезеңінде ол трактор айдағандардың алғашқыларының бірі болды.

Өзінің адалдығы мен ұстамдылығының арқасында көп ұзамай ауыл тұрғындарының құрметіне бөленеді. Жемісті еңбегі үшін колхоз басшыларынан мақтаулар алып, аудандық комсомол ұйымының мақтау қағазымен марапатталған. Ағаділ Суханбаев әскерге 1940 жылы шақырылады. Ұлы Отан Соғысының бірінші күнінен бастап соғысқа қатысады. Қызыл Әскер қатарында Ағаділ даңқты әскери жол жүріп, Польша, Литва, Белоруссияны азат ету үшін шайқасты. Бұл жерде ол Александр Матросовтың өшпес ерлігін қайталады.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Қаулысымен 1945 жылы 24 наурызда марқұм Ағаділ Суханбаевқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Кіші командир өзінің ерлік жолын 628 Гродненск Қызыл Тулы дивизиясының 1-ші батальонынан бастады. Ол бұл дивизияға қырық бірінші жылдың қазанында келді. Сол кезде дивизия Мәскеуді қорғап тұр еді. Дивизияның ары қарайғы ерлік жолы жауынгердің өшпес ерлік жолына айналды. «Қарасу» колхозы тұрғындарының айтуынша, жас тракторист Суханбаев барлық кезеңде бірінші болуға тырысқан жер жыртын жүрсе де, өз

құрбыларымен қазақтың кең-байтақ серінде ат жарыстыруда да алда болуға ұмтылған.

Осы қасиетімен жауынгер Суханбаев соғыста да ерекшеленді. «Ресей Ұлы, шегінуге жер жоқ: артымызда-Мәскеу» деген ұран сөзі 28 гвардеец-панфиловшылардың саяси жетекшісі Василий Клочковтікі екені белгілі. Бірақ 174-атқыштар дивизиясы жауынгерлері де қиын күндері Мәскеуді қорғағанда осылай ойлаған еді. Соғыстың алғашқы күндерінде дивизия Шығысқа қарай шегініс жасады. Бірақ шегініп бара жатса да жауды діңкәлатты. Жау Полоцк ауданында бірнеше күн кідіруге мәжбүр болды. Ал Ұлы Луканың түбінде фашистер 33 күн кідіріс жасады. Осылайша Мәскеуді жаудан қорғаған жаужүрек жауынгерлерден Суханбаев сабақ алды.

- Біз әлі Белоруссияға ораламыз!

Олар осы сөздерінде тұрды. Дивизия Белорус жеріне алғашқы кірушілердің бірі болды. Бұл 1943 жылдың күзі еді. Белорус жеріне Суханбаев тәжірибелі, Мәскеу, Смоленск аймақтарының оғынан өткен жауынгер болып кірді. Дәл ол кездері оны 628- атқыштар полкінің 1 батальонының 1-ротасына командирі етіп тағайындайды. Ол кезде полк Гродненский де, Қызыл Тулы да емес еді. Бұл атақты өзінің полктастарымен Ағаділ алып берді, дивизияның Борисовская құрметті атағымен аталуында да оның үлесі бар.

Ағаділ Қазақстанда туып-өсті. Белоруссия туралы ол тек география пәні арқылы жалпылама білетін. Дегенмен көп қасірет көрген қала оған туған Қазақстаны сияқты болып кетті. Соғысқа дейін Суханбаев туған ауылы Қарасудан жиырма шақырымдай қашықтықта орналасқан Жамбыл қаласын ғана көрген екен. Соғыс жылдарында ол көптеген қалаларды тек көріп қана қойған орғап, азат ету үшін күресті.

174-ші атқыштар дивизиясы сегіз рет Бас қолбасшын алғыс грамотасымен марапатталды.

Ағаділ Суханбаевтың жұлдызды сәті соғыс кезінде газеттер пен қағаздардан белгілі. Бірақ көптеген адамдар оның 1944 жылдың 31 шілдесіне дейінгі ерліктерін білмейді.

Суханбаевтың есімі бүкіл Гродненск облысына әйгілі Гроднода оның есімімен аталған көше де бар. Облыстық аймақтық мұражайдың стендтерінің бірінде Аға Суханбаевтың Августық орманда болған шайқастағы ерлігі жайлы оқуға болады. Ағаділ Суханбаевтың Гродноға өзі бөлімшесімен ең бірінші болып кіргені жайлы бүгінде екінің бірі біле бермейді. Бұл 1-ротаның командирі аға лейтенант Корсаковтың естелігі арқылы дәлелденген.

Ары қарайғы П.Корсаковтың естелігінде А.Суханбаевтың жерлестері де білмеген жайт, оның тұтқында болғаны туралы да сөз етілген. Корсаков өз қолымен жазылған шайқас естелігінде былай деп жазады: «...Ағаділ әрі қарай соғы не болғанын айтты. Ол Қызыл әскер шегіне бастағанда қатты контузия алып, фашистердің қолына тұтқынға түскен. Батырдың өмірбаянындағы осы «ақ дақты» бүгінде жасырудың қажеті жоқ.

«Қызыл әскерші Ағаділ Суханбаев менің ротамда әскери борышын өтеген. Мен батыл жауынгерлерді көп көрдім, бірақ дәл мұндай жауынгерді көргенім жоқ. Ешқашан мұнаймайтын, батыл, жылдам еді. Әскермен бір күнде ондаған километр жаяу жүріп шаршаған кездеріміздің өзінде, тек шаршамайтын Суханбаев өлең бастап кетсе - бәрі көңілденіп, сергіп қалатын. Міне, осындайлар шайқаста бірінші болып шабуылға шығатындар, олардан өлімнің өзі қорқады.

Есімде ротаға жаңа жауынгерлер келді. Жауынгерлер тобына жақындадым. Қарасам тығыз, ірі денелі көзі жанары бар қара қазақ баласы отыр. Мен қазақша білетін едім. Өзім-Қазақстаннанмын. Фамилиясын сұрадым.

Суханбаев Ағаділ, - деп жауынгер орнынан атып тұрды. Артынан: - Орыс тілі-туған тілімдей, - деп қосып қойды.

Менің ротама барасың ба?

Сеніміңізді ақтаймын.

Осылайша Ағаділ Суханбаев менің ротамның атқышы болды...».

«...Жүрегімен Белоруссия, Литва, Ресей жерін жауып, қазақ баласы үш республиканың ері атанды» - бұл да тарихта аты мәңгі қалған Ағаділ туралы.

Кеңес Одағының Батыры Ағаділ Суханбаев атымен туған ауылы аталып, Тараз, Алматы, Друскининск, Гродно қалаларының көшелеріне оның есімі берілген.

Ағаділ Суханбаев қайтыс болғаннан кейін Михаил Лобаевичке берілген, соңғы рет Берлинде атылған оның ППШ № 2811 автоматы Мәскеу Орталық Қарулы күштер мұражайының қабырғасында ілулі тұр.

Польша жерін босатуда Ағаділ өзінің соңғы ерен ерлігін жасайды. Өзінің денесімен жау пулеметін жауып, бөлімшесіне жеңіс алып берді. Бұл ерлігімен ол өзін өлместей етті. 1944 жылдың шілдесінің аяғында Польша жеріндегі ондаған елді мекендер фашист басқыншыларынан босатылды. Соғыс Шығыс Пруссия шекарасына таяу жердегі Сувалки қаласына жақын жерде өтіп жатты. Тыныш түн. П. Корсаковтың ротасы орман арқылы жүріп келеді. Ағаділ бәрінің алдында. Қасындағы жолдастарын жігерлендіріп отырып, жүріп келеді. Біздің жеріміздің шекарасы артта қалған. Дегенмен жауды соңына дейін жену үшін алға керек. Өлім қорқынышты емес!

Оның сөздері тыныштықта ұран іспеттес естілді. Бәрінің жүрегінде қалған бір сөз: « Өлім қорқынышты емес!» Бұл ант еді. Таң ата бергенде, рота бастау басына жетті. Арттарында - тоғай, алдарында-Польша ауылы Стжельцовизна және орман. Орманда-фашистер. Олар ротаға бастау арқылы тасқауыл болып пулеметтерінен оқ жаудыруда. Сол командир Сухамбаевқа ротаның арғы жағалауға өтуін қамтамасыз ету үшін жау пулеметінің үнін өшіруге бұйрық беріледі. Жаудың жаңбырдай жауған оғының астымен Суханбаевтың бөлімшесі бастаудан өтеді. Қызу шайқасу басталады, бірақ ұзаққа созылмайды. Фашистердің қорғаны талқандалды. Суханбаев бөлімшесі жедел түрде алға жылжыды. Оның артынан рота жүрді. Қалың бидай алқабын аяқ астында шырмалды. Бірақ Ағаділге ол бөгет

болмады ол ілгері шығып, жауынгерлер оған зорға ілесіп отырды. Тауға шығып, гитлершілдерді автоматпен атқылай бастады.

Ағаділ өзінің бөлімшесімен қарсыластарына жақындай түсті. Жаудың орналасқан жеріне жету үшін тек бір серпіліс қалған еді. Жау пулеметі кенеттен атқылай жөнелді. Ағаділ пулеметтар тізіліп тұрған жердегі ағаштардың артында тұрған. Ол жауынгерлердің асығыс окоп қазып жатқандарың көрді. Оған:

- Не істейміз? Бәрінің біткені ме? - деген ой келді. Сол жерде бір шешім қабылдады: қайтсе де жау пулеметін жою. Батыл командир граната лақтырды. Бірақ ол ағашқа тиіп домалап барып, шетке жарылды. Жау мұны байқап, ата бастады. Оның жан-жағына оқ шашыратқан ағаштың бұтақтары, жаңқалары шашыла бастады. Ағаділ бір орында тұрды. Ол екінші гранатаны алады, бірақ оны лақтырып үлгермеді, жау оғы оның қолын жарақаттады.

- Әлі бәрі біткен жоқ, - деп ол сол қолымен гранатаны алды. Аузымен гранатаның басын аша бергенде, шынтағына оқ тиіп, саусақтары еріксіз бүрісіп қалды. Граната оның аяғының астына домалап түсті. Ағаділдің жүзі бозарып кетті. Басы айнала бастады. Ол фашист пулеметінің үзіп-үзіп атқылаған үнін естіді. Көздері жауға қадалып тұр. Артына қарамай ілгері жүгіріп, келесі ағашқа жетті. Фашистер не болғанын түсініп үлгергенше, кеудесімен жау пулеметін тұншықтырды. Пулеметтің үні өшті. Суханбаевтың жолдастары Батырдың өшін алу үшін жауға қарай ұмтылды. Гитлершілдердің ізінен қалмай, өкшелей қуып, біздікілері Батысқа қарай жылжыды.

Қазақстанның тәуелсіздігі мен экономикалық деңгейінің қалыпты болғанын - біз осындай ерлеріміздің есімімен байланыстыруымыз керек. Біз олардың алдында мәңгі борыштармыз. Сол кездерде Ағаділ Суханбаевтың денесінің қалдықтары Польшадан алынып, Друскенин (Литва) қаласына қайта жерленеді. Бұл-Кеңес үкіметінің Батырға, қазақ халқының баласына көрсеткен сый-құрметі. Арнайы тапсырыспен Батырдың бейнесі сомдалған ескерткіш орнатылған. Ағаділге жасалған сый-құрмет осымен тоқталып

қалған жоқ. Сонымен қатар Тараз әскери қалалық комиссариатының алдына да ескерткіш орнатылды.

«Отан» РСП-ның облыстық филиалының бастауымен 2005-жылдың 31 шілдесінде Батырдың туған ауылы Байзақ ауданы, Жақаш ауылында, Тараз және Гродно қалаларында Ағаділ Суханбаевтың ерлігіне 60 жыл толуы мерекеленді. Оның есімі көшеге және мектепке берілген. Атақты журналист-жазушы Арғынбай Бекбосын Батыр туралы «Мен - Ағаділ, Суханбайдың баласы» атты тарихи драма жазған.



Степан Захарович Суцев 1914 жылы Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Георгиевка аулында дүниеге келген. 1937 жылға дейін Лубян зауытында жұмыс істеп, сол жерден Қызыл Әскер қатарына шақырылған. 1939 жылы әскерден босағаннан кейін ХКП бөлімінде қызмет істейді. 1941 жылдың қарашасында өз еркімен соғысқа жіберіледі.

Днепрден соғыспен өтуде көрсеткен ерлігі мен табандылығы үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Қаулысымен 1943 жылы 17 қазанда атқыштар ротасының жауынгері Степан Захарович Суцевке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

112-ші Рыльск атқыштар дивизиясының 416-шы полк, 5 ротасының аға сержанты, командирдің көмекшісі Степан Захарович Суцев жауынгерлер арасында жоғары құрметке ие еді.

Өз жолдастарына қадірлі және байқампаз жауынгер өзінің ерлігімен қасындағы жолдастарын шабыттандырып отыратын еді. Жау қорғанын алу барысындағы кезекті шабуылдардың бірінде Суцевтің взводы бірінші болып жау траншеяларына жетіп, жекпе-жек шайқаста 65 фашисті жойды.

Аға лейтенант Семыкиннің автоматшылар ротасы дивизияның басқа бөлімдерімен бірге Днепрге бет алды. 1943 жылы 27-ші қыркүйекте рота Ясногородка (Киевтен солтүстікке қарай) селосындағы өзенге шықты. Аға сержант Сушевтің басқаруымен 32 жауынгер күн қараңғыланғанын күтіп, карама-қарсы жағалауға шығады. Өзеннің ортасына жеткенде фашистер автоматшылар мінген қайықты байқап қалып, қарудың барлық түрінен оқ жаудырады. Сушев пен оның жауынгерлері автоматтан оқ атып, жауап қайтарады. Осы кезде әуеде фашистер ұшағы пайда болып, зеңбіректен оқ жаудырып, қайта соққы беруге дайындалады.

- Суға! - деп сержант бұйрық береді. Жауынгерлер суға ұмтылып, оң жағаға жеткенде, жау оғынан мерт болған екі жолдастарының жоқ екенін байқайды.

Қарбаласта батыл десантшылар қарсыластарының 3 пулеметін жойып, гитлершілдерді Ясногородки шетіне ығыстырып, жау шебін басып алады. Қарсыластар келесі шайқасқа күш жинағап үлгергенше, саперлар оң жағалауға көпір салып, ірі күштерді өткізіп үлгереді. Қорғаныс кеңейтіледі. Қатыгез фашистерді басып алу барысында ротаның командирі Семыкин мерт болып, ротаны басқаруды Сушев өз қолына алады. Бұл күні рота жеті шабуылды тойтарып, жаудың санынын көптігіне қарамастан қорғаныс шебін қорғап қалды.

Аға сержант С.З. Сушевке Днепрден соғыспен өту барысында көрсеткен ерлігі мен табандылығы үшін Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

Соғыстан кейін Степан Захарович Қырғызстанға көшіп кетті.



Томасевич Петр Васильевич

Алтындай шоқжұлдыздардың келесі бір қаһарманы Петр Василиевич Томасевич 1924 жылы дүниеге келді. Ұлты-орыс. Соғысқа дейін Жамбыл қаласында оқып, сонда тұрады. Қызыл Әскерге 1942 жылдың күзінде қалалық әскери комиссариатынан шақырылды. Соғыста 1943 жылдың қаңтарынан бастап болды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Қаулысымен Венгриядағы Тисса өзенінен өтудегі ерекше жауынгерлік ерлігі үшін 1945 жылдың 24-наурызында аға сержант Петр Васильевич Томасевичке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Қысқа мерзімді әскери училищеде оқыған В.Томасевич аға сержант шенімен 53-армияның құрамында III және II Украин майдандарында басқыншы немістерге қарсы көптеген соғыстарға қатысқан. 228-ші Вознесенск атқыштар дивизиясының 795-полкына взвод командирі болған.

1944 жылдың күзінде әскери қимыл Совет Одағының шекарасынан тыс жерлерде жүріп жатты. Біздің әскерлер Тыргу-Муреш, Турда, Арад, Тимишоара жерлерінде қарсы шабуылдарды жалғастырып, Тисса өзеніне шықты.

53-армияның бірінші эшалонында 228-ші Вознесенск атқыштар дивизиясы жүрді. Қазанның басында қиян-кескі шайқас қанатын кең жайды.

Батальон командирі аға сержант Томасевич взводуна Тисса өзенінің оң жағалауындағы плацдармды жаулап алуға тапсырма берілді.

Командир бұйрығы - Отанның бұйрығы. 1944 жылдың 9-қазанында П.В.Томасевич өзінің взводомен бұйрықты орындау барысында ерекше көзге түсті. Батыл командирге еліктеген взвод жауынгерлері немістердің қорғаныс шебіне шабуыл жасады және қоян-қолтық күрес кезінде жаудың 100 солдат, офицерлерін қолға түсірді.

Тисса артта! Бірақ жаудың қарсыласуы әлсіреген жоқ. Өзеннің оң жағалауындағы соғыста аға сержант Томасевич ауыр жарақат алды, бірақ соғыс алаңынан кетпеді. Жау түрлі жолдармен біздің әскерлерге қиын жағдай тудырған сәттерде де аға сержант өз взводын қарсы шабуылға алып шықты. Взвод командирі қансырап жатса да жекпе-жекте жаудың үш солдатын өлтірді. Взвод фашистердің төрт шабылуына төтеп берді және Тисса өзенінің оң жағалауындағы плацдармды басқа бөлімшелер келгенше сақтап қалды.



Тюлькин Яков Николаевич

Яков Николаевич Тюлькин 1896 жылы дүниеге келді. Азамат соғысына қатысқан. Ұлы Отан Соғысынан бұрын Жамбыл қаласындағы облыстық ауылшаруашылық жабдықтау қоймасын басқарады. Неміс басқыншылары біздің елге басып кіргенде 45 жастағы азамат соғысының ардагері Яков Николаевич әскери комиссариаттан өзін соғысқа жіберуді сұранады. Жауынгер Яков Николаевич Тюлькин жаумен батыл күресті. Туған жерін фашистерден қорғауда ол сансыз ерліктер жасады. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Қаулысымен 1944 жылдың 10-қаңтарында Яков Николаевич Тюлькинге Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

1943 жылдың басында қарт жауынгер Яков Николаевич Тюлькин, 136-атқыштар дивизиясы 269-полкы 1-батальонының пулеметшісі болады. Яков Николаевич Тюлькин қызмет еткен бөлім Воронежде, кейіннен I Украин майдандарында шайқасты. Неміс басқыншыларымен болған бірінші шайқаста-ақ Яков Николаевич өзінің батырлығы мен білікті жауынгер екендігін көрсетті.

Украин жерін фашист басқыншыларынан азат ету үшін дивизия қиян-кескі соғыстар жүргізіп жатты.

Яков Николаевич бір шайқастың өзінде-ақ пулеметінен жиырмаға жуық неміс солдат, офицерлерін жойды.

Соғыста көрсеткен батырлығы мен тапқырлығы үшін қызыл әскерші Яков Николаевич Тюлькинге сержант атағы беріледі, көп кешікпей ол пулеметшілер тобының командирі болып тағайындалады.

1943 жылдың қыркүйегінде 136-шы атқыштар дивизиясы өзге бөлімдермен бірге Днепр өзенінен отіп, плацдармды кеңейту үшін қарқынды соғыс жүргізді. Осы соғыста сержант Яков Тюлькин ерекше көзге түсті.

3 қазанда Казачье аралында өзінің отты пулеметімен жаудың екі қарсы шабылуына тойтарыс беріп, 19 гитлершіні жойды. Жау тағы да қарсы шабуылға шықты. Тюлькиннің пулеметшілер тобы қолайлы соғыс орнына бекініп, қарсыластарының шабуылына тойтарыс бере бастады. Пулеметшілер тобының жауынгерлері саптан шықты, ал командирдің өзі жараланды. Ол тездетіп жарасын таңып, пулеметін қайта оқтап, шабуылға қарсы тойтарыс берді. Фашистер кейін шегінгенде батыл пулеметші бірінші болып жаудың соңына түсті, бұл іс-әрекет атқыштар ротасын оның соңынан ілесуге үлгі болды. Лютеж ауылын азат етуде сержант Яков Тюлькин өзінің тобымен алға жылжыды, гитлершілдердің үлкен тобын пулемет отымен тойтарып, оларды түгелдей жойды.

Кеңес Одағының Батыры, Отанның сенімді ұлы Яков Николаевич Тюлькин фашист басқыншыларына осылайша соққы берді. Яков Николаевич Тюлькин соғыстан соң денсаулығына байланысты Крымға көшіп кетті.



Фазлаев Нурулла Гарифуллович

Нурулла Гарифуллович Фазлаев 1909 жылы туды. Ұлты -татар. Жамбыл қалалық шаруашылық мекемесінің жөндеу -құрылыс кеңсесінде тас қалаушы болып жұмыс істеген. Ұлы Отан Соғысына 1943 жылдың шілдесінен бастап қатысты. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Қаулысымен Нурулла Гарифуллович Фазлаевқа 1945 жылдың 10 сәуірінде Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

253-ші инженер - құрылысшы батальонының қатардағы жауынгері Фазлаевтың әскери өмір жолы 1943 жылдың жазында басталады. Курск доғасына келгенде батальон біздің шабуылдаушы әскерге мина алаңын тазартып, жол дайындауға бұйрық алады. Тапсырыстың ауыр және қауіпті бөлігі Фазлаев бөлімшесіне жүктеледі.

- Бір тәулікте кем дегенде 700-800 мина алып тасталсын, - деген бұйрық берді взвод командирі. 1-күні бөлімше 500 минаны зиянсыз етті, екінші күні 750 мина алынды, ал үшінші күні және келесі тәуліктерде Фазлаев саперлары 1000 залалы миаларды алды. 19 Қызыл Тулы Ровненск инженер-кұрлысшы бригадасының бөлімдері Сандомирск плацдармында соғысқа қатысты. Қазақстанда құрылған және «Сандомирск» құрмет атағын алған батальон бұл операцияда ерекше көзге түсті.

Нурулла Гарифуллович Фазлаев бөлімшесінің саперлары Одера өзенінен өту және оның сол жағалау плацдармын жаулау кезінде үлкен батырлық танытты. Старшина фазлаевты Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынарда бригада командирі марапаттау парағына былай жазған еді: «1945 жылы 26-қаңтарда жаяу әскер Одера өзеніне келмей тұрып, старшина Фазлаев өзінің тобымен паромды Хохваушиц ауданына бірінші болып жіберді. Жағалау жау жағы қалдырып кеткен кемеге жасырынған екі дот және бронекатері арқылы атқыланды.

Түн қараңғылығын жамылған Фазлаев тобы арғы бетке өткізу жұмыстарын жүргізді. Солтүстік жағалауға келіп жеткен жаяу әскер мен саперлар фашистерге қарсы шабуылға шығып, оларға дотты тастауға мәжбүр етті. Бронекатер де кетті.

Қарсыластар авиациясының үздіксіз шабуылына қарамай Нурулла Фазлаев өз бөлімшесімен 5 тәулік демалыссыз жұмыс істеді, көптеген машина, зеңбіректер мен құрал-саймандар артқан арбаларды жағалауға жеткізді. Одера өзенінің сол жағалауындағы плацдармды біздің әскерлердің басып алуына және сол жерде бекінуіне мүмкіндік берді».

Нурулла Гарифуллович Фазлаев фашистік Германияны жеңгеннен кейін бейбіт еңбекке араласты. Жамбыл қалалық шаруашылық мекемесінде түрлі қызметтер атқарды. 1975 жылы мен Ленин көшесіндегі Батыр Нурулла Гарифуллович Фазлаевтың үйінде қонақта болдым. Фазлаевпен естелікке суретке түспегеніме осы күнге дейін өкінемін. 80-жылдардың аяғына таман Н.Г. Фазлаев дүниеден өтті.



Фаязов Мамашариф Гиясович

Мамашариф 1925 жылы Жамбыл қаласында дүниеге келді. Ұлты - өзбек. Ұлы Отан соғысы басталғанда комсомол Фаязов 16-да еді. Соғыстың алғашқы күндері жас Отансүйгіш әскери комиссариаттан соғысқа жіберуді өтінді, бірақ қабылданбады. Ұсынысын қабылдамайынша әскери комиссариатқа бірнеше мәрте барады. 1943 жылы 6 қаңтарда Мамашариф Фаязов жауынгер шинелін киді.

Одера өзенінен өту кезіндегі ерлігі мен табандылығы үшін КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының Қаулысымен 1945 жылы 27-маусымда гвардия лейтенанты Мамашариф Гиясович Фаязовқа Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

Ташкент жаяу әскер училищесін бітірген кіші лейтенант Фаязов 58-Қызыл Тулы Красноградск гвардиялық атқыштар дивизиясының 175-Висленск атқыштар полкының взвод командирі болып тағайындалады. Дивизия сол күндері Украина жерінде II Украин майданының құрамында соғысып жатты. Фашист басқыншыларымен соғыста Мамашариф Фаязов үш мәрте жараланды, бірақ әр уақытта өз бөліміне қайта оралып отырды.

Суыққанды, байсалды, әр іске тыңғылықты Мамашариф қатал командир еді. Полктес достары оны Михаил деп атады.

...Соғыс қимылдары Германия жеріне өтті. Совет жауынгерлері фашист жыртқыштарын өз апанында талқандап жатты. Мамашариф Фаязов атқыштар ротасын басқара отырып, өзінің батыл, әрі тәжірбиелі командир екенін көрсетті. Одера өзенінен өтуде командир Фаязов ерекше көзге түсті. Гвардиялық рота бұйрықты орындау барысында бірінші болып судан өтіп, сол жағалудағы плацдармды алды. Рота екі сағат ішінде бірнеше қарсы шабылуларға тойтарыс берді, алға жылжып, екі елді мекенді жаулап алып, көптеген солдаттар мен офицерлерді қырып, фашист дивизиясының штабын жойды. Рота командованиенің бұйрығын абыроймен орындады.

Қиын кезеңдегі соғысты ұйымдастыру қабілеті және жоғарғы әскери біліктілігі үшін Гвардия лейтенанты М.Г. Фаязовқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Соғыстан соң Фаязов бейбіт еңбекке араласты. Наманган облысы Чустск қалалық Атқару Кеңесі төрағасының орынбасары болып жұмыс атқарды.

Соғыс жылдары оның денсаулығынан әсер етті.

Мамашариф Фаязов 1990 жылы дүниеден өтті. Мамашариф Фаязовтың есепсіз көп балалары мен немерелері әкесі мен атасына ұқсағылары келеді. Батырдың қыздарының бірі Зухра Тараз қаласында тұрады.



Шәкенов Кенжебек

Кенжебек Шәкенов 1924 жылы туған. Қазақ. 1939 жылы 7 жылдықты бітіріп, «Боко» кен орнында қара жұмысшы, ауысым мастері болып жұмыс істейді. 1942 жылдың тамызында Қызыл Әскер қатарына шақырылады.

Ташкент пулеметшілер училищесін бітірген соң, 1943 жылы соғысқа жіберіледі. Талай ерліктер көрсеткен майдандағы әйгілі жолын Кенжебек Украинада бастады. Осында Днепрді азат етудегі ұлы шайқаста, ол теңдессіз ерлігімен көзге түседі. Днепрді азат еткен шайқаста көрсеткен теңдессіз ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Қаулысымен 1944 жылдың 22-ақпанында Кенжебек Шәкеновке Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

62-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы жарақтанып алған соң, Днепр жағасына жаяу аттанып, II Украина майданының 37-армиясының қатарына қосылады. Батальон командирі жауынгерлер мен сержанттарға мынандай сөздермен тіл қатады: - Гвардияшылдар! Біз Днепрдеміз, түннің болғанын күтпей, тез арада арғы жағаға өтуіміз керек. 4 рота бірінші болып аттанады!

Әрбіреуіне 16 адамнан жайғасқан резеңке қайықтар арғы жағаға қарай жылжыды. Сол қайықтардың біреуінде жас сарбаз Кенжебек Шәкенов те отыр. Қайықтар өзеннің ортасына жете бергенде фашистер миномет пен пулеметтең оқ жаудырды. Жарылған миналардан өзен беті толқынданып, қайықтарды ары-бері лақтырды, бірақ жүрек жұтқан жауынгерлер өз жолын еш қиындыққа мойымай жалғастыра берді.

Арғы жағаға елу шақты ержүректер ғана жете алды. Оң жақ жағалауға жеткен Кенжебек те тез арада пулеметін жерге орналастыра салысымен, ашық шайқасқа шықты.

Гитлершілдер тізбектеліп, қарсы шабуылға шықты. Кенжебек өз пулеметімен гитлершілдерге оқ боратып, оларды қырып-жойды. Рота өмір үшін емес, өлім үшін күресті. Осы шайқаста ержүрек пулеметші 30-ға жуық гитлершілдерді жайратты.

Осы уақытта 184 гвардиялық атқыштар полкі Днепрдің оң жағалауына өтіп, таң ата салысымен қарсы шабуылға көшеді. Төртінші ротаның алдында саны жағынан екі есе көп және мықтап қорғаныс жасаған қарсыласы тұрды. Біздің жауынгерлеріміздің алға жылжуға жасаған әрекетіне жаудың пулеметі оқ жаудырып, кедергі жасады. Кенжебек командирінің: «Шәкенов, 100 метр алға шығып, жаудың атыс орнын жой», - деген бұйрығын есітеді. Ол пулеметін сүйрелей отырып, алға жылжиды. Қауіпті сезген жау пулеметшісі Кенжебекке қарсы оқ боратты. Екі пулеметшінің арасында қиян-кескі шайқас басталды да кетті. Кенжебек ыңғайлы орын тауып алып, дискідегі оқтың жартысын тауысқан кезде, кенет жаудың пулеметінің үні өшіп қалады. Тығылып отырған орнынан үш гитлерші қашып шығады. Шәкенов бұл үшеуін де жайратып салады. Рота командирі жауынгерлерін шабуылға шығарады, ал ержүрек пулеметші жаудың жаяу әскеріне қарай оғын бората берді. Осы күні жауынгерлер Днепрдің оң жағалауындағы Мишурин Рог атты үлкен елді мекенді азат етіп, фашистерді ары қарай қуып тастайды.

5-казанда пулеметші Шәкенов жаудың үш шабуылына тойтарыс беріп, 17 солдат, офицерлерді және үлкен калибрлі жау пулеметін жояды.

Соғыста сержант Шәкенов екі рет жараланады. Екінші жарақатынан жазылған соң, 1944 жылы наурызда Ашхабадтағы жаяу-әскер училищесіне жіберіледі.

Соғыстан кейін Кенжебек Шәкенов әскерден босап, - Жамбыл қаласына келеді де «Жамбыл-химстрой» тресінде партия ұйымының хатшысы болып қызмет атқарады.



Сәду Шәкіров 1922 жылы Жамбыл облысы, Талас ауданында шаруа отбасында дүниеге келген. Әскер қатарына шақырылғанға дейін мектеп қабырғасында оқып, 9 жылдықты бітірген. 1942 жылдың 3 ақпанында Шәкіров Қызыл Әскер қатарына шақырылады. 1943 жылдың 15 ақпанынан бастап ол соғысқа қатысады. Украинадағы басып алушылармен болған шайқаста, әсіресе Днепр өзенінен соғыспен өтуде Сәду Шәкіров теңдессіз ерлік көрсетеді. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Қаулысымен 1943 жылдың 30-шы қазанында Сәду Шәкіровке Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

Майдан шебінде болған бірінші күнінен бастап 106-шы Забайкал атқыштар дивизиясының 188-ші Аргун атқыштар полкінің 1-ші батальонның 1 ротасында қызыл әскер құрамындағы болған Сәду Шәкіров көптеген қан майдандарда болып, өзінің ержүректілігімен, ерлігімен жанындағы жора-жолдастарын таң қалдырды.

... Бұл оқиға Гомель облысының Лоево қаласында Днепрдің оң жағасында гитлершілдердің қорғаныс шебі орналасқан жерде болды. 1943 жылдың 15-қазаны. Түн. Десантіпылар үн-түнсіз қайықтар мен салдарға отырып жатты. Бұйрықтың ең соңғы сөздерінен кейін арғы жағалауға өту басталды. Салдардың бірінде қатардағы жауынгер Сәду Шәкіров те бар еді. Жағалауға жетуге 40 метрдей қалғанда ержүрек жауынгерлерді фашист солдаттары байқап қалып, қарудың барлық түрінен оқ жаудыра бастады. Снарядтардың біреуі Сәду Шәкіров отырған ағаштан жасалған қайыққа келіп түседі. Су толқыны жауынгерлерді суға тұншықтырып, сәл шашылып қалады. Айнала толған оқ, үлкен-үлкен толқындар, өлім мен өмір арасындағы күрес басталды да кетті. Мұздай суда қалқып жүрген бөренелердің біреуін ұстап, жүзе отырып, Сәду Днепрдің оң жағасына біріншілердің қатарында болып жетеді. Қолында Днепрдің сол жағасында командирі берген Қызыл Туы мен гранатасы бар Сәду Шәкіров жау траншеяларына жақындай түседі. Бірнеше гранатаны жау траншеясына қарай лақтырған Сәду гитлершілдерді ол жерден қуып шығып, Қызыл Туды сонда орналастырады. Командирдің тапсырмасы бойынша Сәду Шәкіров Днепрді бірнеше рет кешіп өтіп, пулеметшілер мен байланысшыларды оң жағалауға өткізеді.

1943 жылдың 16-қазанында таң атысымен біздің жауынгерлер Лоевоның оңтүстік-батысындағы биіктікте орналасқан жау әскерлеріне шабуыл жасайды. Бұл биіктікке бірінші болып жеткен Шәкіров Қызыл Туды сонда орналастырады.

1950-1954 жылдар аралығында Сәду Шәкіров Алматы партиялық мектебінде оқиды. Шу аудандық партия комитетінде, әртүрлі мекемелерде жоғарғы қызметтерді атқарады. Ауданда беделі артқан Сәду Шәкіров өмірінің соңында «Дружба» совхозының партия ұйымының хатшысы қызметін атқарады. Әйелі Үмітжан екеуі он баланы тәрбиелеп, өсіреді. Үмітжан зейнеткерлікке шықпас бұрын, мектепте мұғалім болып істеп, балаларды оқытып, тәрбиелейді. Сәду еңбек тылында да қажымас қажырлылығын көрсетеді. Сәду Шәкіров Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Өзінің туған жері Талас ауданында оның атымен бір совхоз аталған.



Шевелев Николай Семенович

Шевелев Николай Семенович 1922 жылы туған. Ұлты-орыс. 30 жылдары ата-анасы Қазақстанға Жамбыл облысы, Луговой станциясына көшіп келеді.

1940 жылы жеті жылдық мектепті бітірген Николай Шевелев Луговой станциясында жұмыс істейді. 1941 жылдың сәуірінде әскер қатарына шақырылады. Соғыстың алғашқы күндерінен майданға қатысқан.

Оның бөлімшесінің жау тылында көрсеткен теңдессіз ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Қаулысымен 1944 жылдың 26-қазанында Шевелев Николайға Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

II Белорус майданының әскерлері 1944 жылдың шілдесінде Немандағы Гродно ауданында және батыс жағалауды басып алған жауға қарсы бірнеше күн бойы төтеп тұрады. Гитлершілдер Гродно-Свислочь ауданына 10 дивизиясын шоғырландырады.

16-шы шілдеден 28-ші шілдеге дейінгі аралықта жау шебін алуға Августовканың тылына жіберілгендердің қатарында Гродненск 3-гвардиялық атты әскері де бар еді. Бас Қолбасшының резервіндегі Верхнеднепровск Қызыл Тулы танкіге қарсы атқыштар полкы да осында болатын.

Липискті жаулап алып, 5-гвардиялық атты әскер дивизиясы Августов тас жолына бет алды. Байланысты үзбеу үшін дивизия командирі Липскіде 12 аттыны және құрамында Николай Шевелев шайқасып жүрген 6-батареяны қалдырады.

Корпустың құрамасы Августов қаласына жақындағанда, жау жағы "Өлі бас" (Мертвая голова) танк дивизиясының бөлімшесімен қоршауға алып, олардың Неман арқылы өтуіне бөгет болғысы келеді. Липскіде қалған батареяға фашистердің жаяу әскерінің төрт батальоны, 10 танкі және бірнеше өзі жылжитын қару-жарақтары шабуыл жасайды. Жаудың Августов-Гродно тас жолына шығу жоспарын бұзу үшін батареяның командирі оқ ату орнын өзгертеді. Атты әскер толық жойылып, екі зеңбіректің жауынгерлері қайтыс болады. Батарея командирі лейтенант Авраменко батырлық өлімімен, ерлікпен қаза табады.

Алты сағаттан көп уақыт біздің жауынгерлер жаудың жаяу әскері мен танкілерінің шабуылына төтеп беріп тұрады. Үш жағынан жаудың жаяу әскерінің қоршауында қалған аға сержант Шевелевтің зеңбірегі шепті ұстап

тұрады. Тірі қалған екі артиллеристің көмегімен аға сержант Шевелев жаудың 6 шабуылына тойтарыс береді. Снарядтар бітеді. Автоматтар мен гранаталардың күшімен гитлершілдердің соңғы шабуылына тойтарыс беріледі. Олар 32-атты әскер дивизиясының бөлімшелері келгенше оқ ату орнын ұстап, жаудың атты әскер корпусының тылына өтіп кетпеуін қамтамасыз етті. Жау әскерлері шегінгенде, аға сержант Шевелевтің атыс орнының жанында 150 өлген және жараланған фашист солдаттары мен офицерлері, 2 өртенген бронетранспортер, істен шыққан 10 танк, автоматтандырылған жедел атқыш пушка және 2 пулемет жатты.

Соғыстан кейін Кеңес Одағының Батыры Николай Семенович Шевелев атқыштар училищесіне жібереді. Оны - бітігеннен кейін әскер қатарында қызмет етеді.

Яковлев Тимофей Алексеевич

Оның жеке ісінде мынандай мәліметтер келтірілген: «... туған жылы - 1905 жыл, туған жері- Алтай аймағының Завьяловск ауданы, Часта-Очерка, ұлты-орыс, әлеуметтік жағдайы- шаруа, білімі- приходтық мектептің үш сыныбы».

Ол жас кезінен бастап байлардың қолында батырақ болады. Басыбайлық еңбек пен кедейшіліктің ащы дәмін ерте татады. Сосын Новосібір қаласындағы диірменде жұмысшы, Краснояр өлкесіндегі «Коммунар» кенішінде кен қазушы және тасып шығарушы, Хакас облысындағы шахтада кен мастері болып жұмыс істейді.

Ұлы Отан соғысы басталып, Отанға қауіптің қара түнегі төнгенде, Тимофей Алексеевич әскери комиссариатқа келіп, соғысқа жіберуге өтініш жазады. Бірақ оны тәжірибелі маман ретінде көпке дейін жібермейді. Тек 1942-жылдың соңында қысқа әскери дайындықтан кейін оны алғы шепке жібереді.

Тимофей Алексеевич Батыс, Калинин, Балтық жағалауы, II және III Белорус майдандарында соғысты. Ол Неман өзенін соғыспен алу, Богодухов, Харьков, Полтава, Смоленск, Витебск, Вильнюс, Каунас секілді көптеген қалалар мен елді мекендерді азат етуге қатысты. Соғыста үш рет жарақат алды. Соғыстағы ерліктері үшін Қызыл Жұлдыз, Отан соғысының II және III дәрежелі ордені, Даңқ орденімен марапатталған. Жаужүрек жауынгер Яковлевтің барлық ерліктері жайлы әңгімелер болсақ, кітап жазу керек. Біз тек бір ғана эпизодты айтып береміз.

1944 жылдың маусым айында совет әскерлері Батысқа қарай тоқтаусыз жылжып бара жатты. Жауынгерлердің бойында жеңістің жақындығы туралы сезім бар еді. Бірақ жаудың қарсыласуы күшейе түсті, әрбір елді мекен мен қорғаныс шебі қиян-кескі соғыспен алынды.

Өз жолдастарымен бірге 184 атқыштар дивизиясы, 415 танкіге қарсы дивизионының 45 миллиметрлік танкіге қарсы зеңбірегінің нысанашысы Тимофей Алексеевич Яковлев те жауға ойсырата соққы берді.

17-шілденің таңы атты. Үздіксіз зеңбірек пен минометтен оқ атқан және әуеден бомбалаған жаудың қарысқан қарсыласуына төтеп бере отырып дивизия Неман өзенін алып, Малинов ауданының оңтүстік-батысына таман орналасқан атыс позициясын жаулады.

Фашистер жанкештілікпен қарсыласты. Дивизион атыс позициясына орналасып та үлгермей жатып, моторлардың гүрілі естілді.

Автоматшылар десантының бораған оғының көмегіне сүйенген фашист танкілерінің тізбесі біздің атыс позициямызға қарай келе жатты. Яковлевтің бөлімшесінен біреу санай бастады: бір, екі, үш... он жеті. Он жеті танк тез жақындап қалды. Бес жүз, үш жүз, екі жүз, жүз елу метр...

Яковлевтің бөлімшесі танкіге қарсы қаруды тез іске қосып, снаряд соңынан снаряд жібере бастады. Шешуші кезеңде жаужүрек мерген өз жауынгерлеріне үндеу тастады: «Жолдастар! Біз тұрған ұлтарактай жер біздікі және біздікі болып қала береді! Жексұрындарды құртындар!» Нысанашыда бірде-бір артық қимыл жоқ. Екінші снаряд жаудың «Пантерасын» жойып жіберді. Тағы да ату... тағы бір снаряд... қою түгін жау машинасының екіншісін орап алды. Қалғандары бұрылып қаша жөнелді.

Гитлершілдер совет жауынгерлерін бірнеше рет Неман суына батырғысы келді, бірақ оларды бір топ жауынгерлердің жойқын оғы қарсы алды. Осы шайқаста Яковлевтің бөлімшесі үш танк және 15 фашист автоматшысын жойды.

Келесі күні таң ата гитлершілер тағы да қарсы шабуылға шықты. Бұл жолы танкілер сақтықпен қойнау арқылы жылжып келе жатты. Яковлев фашистердің маневрін тез түсіне қойып, өз қаруын алға жылжытып, тікелей көздеп, дәл туралап жаудың тағы бір «Пантерасын» жойды. Қалған танкілер шегініп, алыстан оқ жаудыра бастады. Танкілерден секіріп түскен фашист автоматшылары тылға шығып, Батырлардың бір тобын қыспаққа алды.

Қиян-кескі шайқас басталды. Ержүрек жауынгерлердің қаруы бір сәтке де тоқтаған жоқ. Зеңбіректің жанында командир мен нысанашы Яковлев қана қалды. Яковлев өздерінің ұзаққа шыдамайтындықтарын түсінді. «Өлеміз, бірақ кетпейміз», - деп ойлады ол ішінен. Осы кезде арт жақтан «Уралаған» дауыс естілді. Көмекке келген бөлімше жау техникасы мен тірі күшін тықсыра қуып, плацдармда тұрақтамай, алға ұмтылды. Осындай теңдессіз шайқаста Яковлевтің бөлімшесі жаудың бес танкі мен жүзге жуық офицері мен жауынгерін жойды. Ол өзі қатты жарақат алды.

Шайқастан кейін 415-танкіге қарсы дивизион командирі Насонов Яковлевті ең жоғарғы атақ-Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынды, ал III Белорус майданының Әскери Қолбасшысы, Кеңес Одағының Батыры атағына 2 рет ие болған Иван Данилович Черняховский «Кеңес Одағының Батыры атағына лайық» деген бұрыштама соқты.

Осылайша, ержүрек зеңбірекші Тимофей Алексеевич Яковлевтің кеудесінде Ленин ордені мен «Алтын жұлдыз» жарқырады.

1945 жылы Тимофей Алексеевич сауыққаннан кейін тағы да соғысқа аттанды. Тағы да 45 миллиметрлік зеңбіректің нысанашысы болып соғысқан ол бұл жолы жеңіл жарақат алады.

Соғыстан кейін ол өз Отанына оралады, алғашқыда шахтада кен мастері болып жұмыс істеп, кейіннен денсаулығына байланысты зейнетке шығады. Көп ұзамай ол Жамбыл қаласына көшіп келеді. Бұл жерде оған Қазақстанның халқы да, кең-байтақ, күн шуағы мол даласы да ұнайды.

Қалада ол жұмыссыз отырмайды. Өзінің денсаулығының жоқтығына қарамастан, қоғам өміріне белсене араласады, жастар алдында Ұлы Отан соғысы жылдарындағы совет адамдарының жасаған ерліктері жайлы естеліктерімен бөліседі. Батырды көршілері сыпайы, шыншыл және қарапайым еңбекші ретінде білді. Ол өз үйін ешкімнің көмегінсіз, ұлы Борис Тимофеевич екеуі тұрғызды. 1974-жылы Тимофей Алексеевич қатты ауырып, қайтыс болды.

Жамбыл облысы олардың есімін ұмытпайды, біледі және мәңгі есте сақтайды

(Тізімге очерк жазуға мәлімет жинай алмаған Батырлардың есімі енгізілді)

Конев Борис Иванович - әскерге 1941 жылы Меркі аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. Кеңес Одағының Батыры атағы 1943 жылдың 13 қарашасында берілген. Соғыстағы жарақатынан 1944 жылы, 23 шілде күні қайтыс болған.

Субботин Ефим Федорович - 1918 жылы туған, орыс, Кеңес Одағының Батыры атағы 1944 жылдың, 15 сәуірінде берілген, Жаңатас қаласында қайтыс болған.

Толстов Петр Егорович - 1917 жылы туған, орыс, Кеңес Одағының Батыры атағы 1940 жылдың, 7-ші сәуірінде берілген, 1986 жылы, 8-шілде күні Меркі селосында қайтыс болған.

Уткин Евгений Дмитриевич - 1924 жылы Жуалы ауданы, Андреевка селосында дүниеге келген. Кеңес Одағының Батыры атағы 1945 жылдың, 10 сәуірінде берілген. 1945 жылы 16 ақпан күні ерлікпен қаза тапқан.

Библиография

1. Венок славы. Антология художественных произведений о Великой Отечественной войне. В 12-ти т., т.2. Битва за Москву. М: Современник. 1984.
2. История Казахской ССР: Эпоха социализма. Алма-Ата: Наука, 1967.
3. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней: В 5 т. Алма-Ата: Наука, 1977-1981. т.5.
4. Козыбаев М. Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны (1941-1945 г.г.) Алма-Ата: Казахстан, 1965.
5. Абишев Г. Работа партии большевиков по воспитанию чувства советского патриотизма у воинов-казахов в годы Великой Отечественной войны (1941-1945 г.г.). Алма-Ата: Казгосиздат, 1950.
6. Абишев Г. Казахстан в Великой Отечественной войне. 1941-1945 г.г. Алма-Ата: Казгосиздат, 1958.
7. Абишев Г. Казахстан в защите социалистического Отечества. Алма-Ата: Казахстан. 1969.
8. Потапов А., Гладышев 77. Огненный путь. Алма-Ата: Казахстан, 1980.
9. Белан 77., Потапов А., Честнов С. Доблесть солдатская. Алма-Ата: Казахстан, 1974.
10. В боях за родину. Алма-Ата: Казахстан, 1966. П. Герои Советского Союза - казахстанцы. 7.1-2. Алма-Ата: Казахстан, 1968.
12. Они среди нас. Алма-Ата: Жалын, 1977.
13. Соколов В. Войну прошедшие. М.: ДОСААФ, 1980.
14. Белан П.С. Казахстанцы в боях за освобождение Белоруссии и Советской Прибалтики. Алма-Ата, 1988.
15. Белан 77. С Казахстанцы в боях за Ленинград, Алма-Ата: Наука, 1973.
16. Белан П.С. Участие казахстанцев в завершающих сражениях Великой Отечественной войны (январь-май 1945 г.). Алма-Ата: Наука, 1979.
17. Белан П., Тимошенко А., Барков Н. Фронтовые дороги. Алма-Ата: Казахстан, 1978.
18. Шла война народная: Партизаны Великой Отечественной войны - казахстанцы. Алма-Ата: Казахстан, 1985.
19. Белан П.С. Казахстанцы в боях за свободу Украины и Молдавии. 1941-1944 г.г. Алма-Ата: Наука, 1984.
20. Великая Отечественная война: Вопросы и ответы. Москва, Политиздат, 1985.
21. Баурджан Момыш-улы. За нами Москва. Записки офицера. «Жазушы», Алма-Ата, 1970.
22. Рокоссовский К.К. Солдатский долг. М., 1988.
23. Баурджан Момыш-улы. Генерал Панфилов. «Казахстан», Алма-Ата, 1973.

24. Дильдяев Г «Синоним истории правда». «Казахстанская правда», 2005, 25.01.
25. Достанбаев Т.Ш. Казахстанцы на фронтах Великой Отечественной. Жамбыл-Тараз, 2005, 13 апреля.
26. Достанбаев Т.Ш. Золотое созвездие. Жамбыл-Тараз, 2005, 15 апреля.
27. Достанбаев Т.Ш. В историю войны вписала эти имена. Зиямя труда, 2005, 7 мая.
28. Достанбаев Т.Ш. Золотое созвездие. Тараз-Хабар-2000, 2005, 6 мая.
29. Достанбаев Т.Ш. Золотое созвездие. Тараз-Хабар-2000, 2005, 24 июня.
30. Достанбаев Т.Ш. Золотое созвездие. Жамбыл-Тараз, 2005, 20 июля.
31. Достанбаев Т.Ш. Золотое созвездие Родины. Казахстанская правда, 2005, 28 июля.
32. Алимханов В. Отважному воину -100 лет. Зиямя труда, 2005, 31 декабря.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
Дубосеково разъезі жанындағы ерлік	6
ДОСТАНБАЕВ	
Белашов Н.Н.....	8
Москаленко И.В.....	9
Бегенов М.К.....	11
Вишневецкий В.М.....	13
Дәулетбеков А.....	15
Елеусов Ж.А.....	19
Естемісов С.....	23
Кавешников Д.С.....	25
Кердань Ф.К.....	27
Ларионов С.А.	30
Момышұлы Б.	32
Пахомов Д.Ф.....	37
Петров А.Ф.....	39
Романютин А.И.....	42
Савва В.А.....	44
Сорокин А. А.....	46
Суханбаев А.....	48
Сущев С.З.....	54
Томасевич П.В.....	56
Тюлькин Я.Н.....	58
Фазлаев Н.Г.....	60
Фаязов М.1.....	03
Шәкенов К.....	64
Шәкіров С.....	66
Шевелев Н.С.....	68
Яковлев Т.А.....	70
Олардың есімі ұмытылмайды.....	73
Библиография.....	75

Т.Ш. Достанбаев

**Жамбылдық жарық жұлдыздар
(Жамбылдық Кеңес Одағының батырлары)**
Орыс тілінен аударған Мұртазаева Баян Абжапбарқызы

Баспаға 5.12.2006 ж. қол қойылған
Пішімі 60x841/16. Есепті б.т. 3,5. Шартты б.т. 5,1
Таралымы 50. Тапсырыс 27.

М.Х. Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік университетінің
«Тараз университеті» баспасы
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 60